Сауда эквайрингіне қосылу шарты

Шарттың осы нысаны стандарттық (үлгілік) нысан болып табылады. Осы Шарттың талаптары стандарттық нысанда белгіленген және оны Сауда және сервис кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) тиісті өтінімге/өтінішке қол қою сияқты қабылдауы мүмкін. Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 389-бабына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес бекітілетін Қосылу шарты болып табылады. Сонымен қатар тиісті өтінім/өтініш пен Шарт бір құжат ретінде қаралады.

Кәсіпорын Шартқа Банк белгілеген нысанмен тиісті өтінімге/өтінішке қол қою арқылы қосылады. Кәсіпорынның тиісті өтінімге/өтінішке қол қоюы Кәсіпорын өкілінің өз қолымен қол қоюы арқылы немесе Кәсіпорын басшысының/Кәсіпорын өкілінің бұлтты ЭЦҚ немесе OTP-пароль не веб-нұсқада ЭЦҚ қол қоюы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, бұл Кәсіпорын Шартқа қосымшаларды қоса алғанда, Банк оған ұсынған Шарттың талаптарымен танысып шыққандығын және www.halykbank.kz электрондық мекенжайы бойынша орналасқан Шартқа қосылу жолымен оларды түгел қабылдайтынын білдіреді.

Осы Шарт «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) және Банкке тиісті өтінім/өтініш берген және оны Банк қабылдаған/қол қойған Кәсіпорын арасында жасалды.

1-бап. Осы Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1.1. Авторизация – төлем картасын ұстаушының төлем жасауға құқығын растайтын операцияны жүргізуге эмитент банктің рұқсатын алу рәсімі. Авторизация кодына және/немесе POS-терминалда/HalykPOS қосымшасында немесе Карта Ұстаушының мобильді қосымшасында көрсетілетін жауабы бар хабарламаға байланысты Авторизация сәтті және сәтсіз болуы мүмкін. Сәтті авторизация дегеніміз эмитент банктің операция жүргізуге рұқсаты:

рұқсат етілген байланыс желілері бойынша Банктің процессингтік орталығына қосылатын POS-терминалды қолдана отырып операцияны сәтті Авторизациялау кезінде электрондық чек қалыптастырылады. Чек төлем картасын ұстаушыға ұялы телефонға немесе электрондық пошта мекенжайына жіберілуі мүмкін;

QR-төлем арқылы операцияны сәтті авторизациялау кезінде Кәсіпорынның мобильді құрылғысына жүргізілген карта операциясы бойынша SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама келіп түседі;

HalykPOS қосымшасы арқылы сәтті авторизациялау кезінде қосымшада электрондық чек қалыптастырылады, чек басып шығарылмайды және Карта ұстаушыға электрондық пошта мекенжайына және/немесе ұялы телефон нөміріне жіберіледі.

1.2. **Банктік күн** – бұл Қазақстан Республикасының банктері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес банктік операцияларды жүргізу үшін ашық болатын күн, сенбі, жексенбі және ресми мереке күндерінен басқа күндер.

Бұл ретте Банк Карта операцияларын авторизациялауды күн сайын, сенбі, жексенбі, ресми мереке күндеріне қарамастан жүргізеді.

1.3. **Батч (Batch)** (қорытындыларды салыстыру/күнді жабу) – Жабдықтарда іске асырылған карта операциялары бойынша құжаттар қамтылған, ағымдағы ауысым (кезең) үшін қаржылық есеп.

1.4. **Жанасусыз карта** – операция жасалатын сәтте төлем картасының және электрондық терминалдардың немесе өзге құрылғылардың жанасуын талап етпейтін, сымсыз байланыс технологиясын қолдану негізінде төлемдерді жанасусыз тәсілмен жасауға мүмкіндік беретін төлем картасы;

1.5. **Карта ұстаушы немесе Ұстаушы** – оның атына эмитент банк Карта шығарған тұлға. Банк шоты иесі – заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің уәкілетті өкілі, жеке кәсіпкер корпоративтік төлем картасының ұстаушысы болып табылады.

1.6. **Карточка немесе карта немесе төлем картасы** – төлем картасын ұстаушыға электрондық терминалдар немесе өзге байланыс арналары арқылы төлемдер жүргізуге және

(немесе) ақша аударуға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және төлем картасын шығарушы анықтаған және оның талаптарымен басқа операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараты бар, электрондық төлем құралы.

1.7. **Карта операциясы немесе операция** – Карта эмитенті және оның шарттарында айқындалған Кәсіпорын өткізетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын төлеу, өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларында және қолма-қол ақшаны беру орындарында қолма-қол ақшаны алу жөніндегі операциялар, қайтару операциялары, төлем картасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жасалатын өзге де операциялар (Карта нөмірі, қолданылу мерзімі, Карта ұстаушының аты-жөні).

1.8. **Halyk Light бөліп төлеп сатып алу картасы немесе «Halyk Light» картасы** – бұл жасалған сауда сомасы ай сайынғы өтеумен тең үлестік төлемдердің белгілі бір санына бөлінетін Банктің серіктестік желісіне енгізілген ССО-да (Кәсіпорынның сауда және сервис орны) сатып алу ақысын төлеуге арналған кредиттік лимиті бар карта. Бөліп төлеу мерзімдерін сатып алушы Кәсіпорынның ССО-да сатып алу кезінде POS-терминал құрылғысының көмегімен таңдайды.

1.9. **Авторизация коды** – Эмитент банк ССО-ның авторизациялық сұратуына жауапты қамтамасыз ету мақсатында әр карта операциясына беретін цифрлық немесе әріптік-цифрлық код.

1.10. **Машиналық ақпарат тасығыш** – Банктің бағдарламалық жасақтамасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуші құрылғылардың (компьютерлер, терминалдар және т.б.) магниттік-оптикалық тасығыштарында тіркелген электрондық ақпарат. Машиналық ақпарат тасығыштарға қол жеткізу шектелген. Көрсетілген тасығыштарды деректер базасының әкімшісі қол жеткізу хаттамасын жүргізе отырып бақылайды және олар түзетуге жатпайды.

1.11. **Халықаралық төлем жүйесі (бұдан әрі – Жүйе немесе төлем жүйесі немесе ХТЖ) –** бір сауда маркасымен шығатын, халықаралық банктік төлем қауымдастығының қатысушы тараптары арасында карта операцияларымен алмасу және өзара есеп айырысу жүйесі;

1.12. **Халықаралық экономикалық санкциялар** – қандай да бір халықаралық ұйым, шет мемлекеттің үкіметі немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органы енгізген және санкциялар салынған жеке немесе заңды тұлғалармен, мемлекетпен/аумақпен және/немесе оның резиденттерімен сауда, қаржы және өзге де операцияларды/төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыруға қатысты ішінара немесе толық тыйым салуды көздейтін саяси, дипломатиялық немесе экономикалық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

1.13. **Жабдық** – ССО-да орнатылған электрондық терминал – POS-терминал, оның ішінде SIM-картасы бар GSM-POS-терминал, Кәсіпорынның смартфонында орнатылған Halyk POS-терминал, Банк ұсынған Halyk POS немесе Halyk QR қосымшасы орнатылған, Onlinebank арқылы қосылған смартфон, ол арқылы Картада орналасқан магниттік жолақтан немесе микропроцессордан ақпаратты оқу арқылы немесе карта ұстаушының/ шот иесінің мобильді қосымшасының цифрлық кодты (QR) оқуы арқылы карта операциясы жүргізіледі. Авторизация сәтті болған жағдайда POS-терминал (GSM-POS-терминал) қағаз тасығышта осындай Картаны пайдалана отырып жүргізілген карта операциясы бойынша Чекті басып шығарады немесе экранға электрондық чекті шығарады, ол сұрау бойынша телефон нөміріне электрондық түрде жіберілуі мүмкін. Halyk POS/Halyk QR арқылы карта операциясын жүргізу кезінде Чек Карта ұстаушыға/шот иесіне электрондық түрде оның электрондық поштасының мекенжайына және/немесе оның талабы бойынша қысқа мәтіндік және мультимедиялық хабарламалар арқылы ұялы байланыс құрылғысына жіберіледі;

1.14. **OTP-пароль (One Time Password, бірреттік пароль)** – Банк өтініш берушінің сенімді нөміріне жіберетін және Кәсіпорын Шартқа қосылу үшін тиісті өтінім беру кезінде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық таңбалардың бірегей реттілігі.

1.15. **ДСН-код** – дербес сәйкестендіру нөмірі, құпия цифрлық код, оны электрондық құрылғыларда пайдалану кезінде төлем картасын ұстаушыны сәйкестендіру үшін қызмет етеді.

1.16. **Кәсіпорын** – өзі сататын тауар және/немесе қызметтердің және жұмыстардың төлемдері бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру үшін Карта қабылдайтын, заңды тұлға құрмастан ксіпкерлік қызметпен айналысатын заңды немесе жеке тұлға.

1.17. **Сервистік компания** – Банкпен Кәсіпорында орнатылған Жабдыққа техникалық және сервистік қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге келісім немесе шарт жасасқан заңды тұлға.

1.18. **Бонустары бар күмәнді операция (бұдан әрі – күмәнді операция)** – Банкте серіктес пен клиент арасында жасалған мәміленің жалғандығы туралы күмән туындайтын операция.

1.19. **Тәуліктік лимит** – карта операцияларының лимиті, оның мөлшерін Банк өзі дербес белгілейді. Авторизация туралы сұрауды Кәсіпорын Банкке Шартқа сәйкес кез келген жекелей алынған күнтізбелік күні жіберетін карта операцияларының жалпы сомасы Тәуліктік лимиттен асатын болса, Банк мұндай карта операциялары бойынша Авторизация беруден бас тартады, талған карта операциялары жүргізілмейді.

1.20. **ЛТЖ** – Қазақстан Республикасында лездік төлемдер жүйесі;

1.21. **PCI DSS (Payment Card Industry Data Security Standard) стандарты** – төлем карталары индустриясының деректер қауіпсіздігінің халықаралық стандарты ұйымдардың ақпараттық инфрақұрылымдарында берілетін, сақталатын және өңделетін төлем карталарын ұстаушылар туралы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 12 толық талаптардың жиынтығы болып табылады.

PCI DSS стандартының талаптарына сәйкес келуін тексеру әдістері:

- тексерілетін ұйымның нысанында PCI QSA компаниясы орындайтын сыртқы QSA-аудит (ағышл);
- өзін-өзі бағалау парағын толтыру (SAQ).

Сәйкес келуін тексеру әдісі немесе әдістердің комбинациясы Кәсіпорынның сертификаттау деңгейіне қарай таңдалады.

1.22. **Қаржылық талап (chargeback)** – қайтарылмалы немесе кінәрәт-талаптық төлем: эмитент банктің карта операцияларын даулау рәсімі.

1.23. **Қаржы нөмірі** – Банк өзі дербес анықтаған тәсілдермен Банк Кәсіпорынға берген, Банк жүйелерінде тіркелетін және Кәсіпорынның банктік шотына ақша аудару үшін пайдаланылатын мобильді (ұялы) телефон нөмірі.

1.24. **Фрод** – Кәсіпорында, оның филиалдарын қоса алғанда (Карталар бойынша қызмет көрсету орындары), сондай-ақ Банк төлем карталарының эмитенті болып табылатын барлық жағдайларда жүзеге асырылған, Төлем жүйесі немесе төлем жүйесінің қатысушы алаяқтық деп жіктеген, Картамен немесе оның деректемелерін пайдаланумен жүргізілген алаяқтық немесе өзге әрекеттер.

1.25. **Чек** – қағаз нұсқада немесе электрондық түрде жасақталатын, Карта ұстаушының электронды мекенжайына немесе телефон нөміріне жіберілетін, Карта ұстаушының Жабдықтың көмегімен Карта бойынша карта операциясын жүргізгенін растайтын және мынадай міндетті деректемелері бар, белгіленген нысандағы арнайы құжат:

1) Чек нөмірі, шығарылған күні, айы мен жылы;

2) ССО-ның толық атауы (коды) мен мекенжайы;

3) Картаның деректемелері (Картаның нөмірі, Карта ұстаушының аты мен тегі, Картаның жарамдылық мерзімі);

4) карта операциясының сомасы;

5) карта операциясының валютасы;

6) Авторизация коды;

7) Карта ұстаушының қолы (магниттік жолақ бойынша карта операциясын жүргізген кезде);

8) ССО қызметкерінің қолы (қағазға шығарылған, болдыртпау чегінде ғана).

1.26. **Эмитент** (эмитент банк) – Карталарын шығаруды жүзеге асырушы банк, ұлттық пошта операторы.

1.27. **Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдары арқылы жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы.

Өтінішке қол қою үшін (Onlinebank арқылы POS-терминалды қосатын Кәсіпорын үшін) мынадай ЭЦҚ пайдаланылуы мүмкін:

- Кәсіпорын басшысының/Кәсіпорын өкілінің бұлтты ЭЦҚ (Банктің куәландырушы орталығы арқылы тіркелгеннен кейін «Certex Cloud» жүйесінің бұлтты деректер қоймасында қалыптастырылатын және оған қол қойылған электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын (жеке тұлғаның (Кәсіпорынның уәкілетті өкілінің) электрондық цифрлық қолтаңбасы) және - веб-нұсқадағы ЭЦҚ.

1.28. **HalykPOS** – NFC қызметі бар смартфон арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер қабылдауға мүмкіндік беретін төлем қосымшасы.

1.29. **Halyk QR** – бұл тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу тәсілі; мұнда төлем банк қосымшасы немесе басқа төлем қосымшасы арқылы QR-кодты сканерлеу жолымен жүзеге асырылады, содан кейін клиенттің банк шотынан және/немесе электрондық әмиянынан қаражат есептен шығарылады.

1.30. **FacePay** – бет-әлпетті тану технологиясын пайдаланатын жанасусыз төлем жүйесі.

1.31. Onlinebank – Банк қызметтерінің жүйесі («Onlinebank HALYK» жүйесі), Кәсіпорынға интернет желісі арқылы Банк пен Кәсіпорын арасында электрондық құжаттар, хабарламалар (нұсқаулар) алмасу жолымен Банкте ашылған өзінің банктік шоттарын қашықтықтан басқаруға, Банкпен өзге операциялар мен мәселелер жөнінде өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

1.32. **PIN-PAD** – пернетақтасы бар құрылғы, POS-терминалға қосылады және ДСН-кодты енгізуге арналған;

1.33. **QR-код** – қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға арналған деректемелерді қамтитын EMV стандарты бойынша жасалған екі өлшемді сурет түріндегі төлем құралы;

1.34. **Retrieval Request (іздеу сұратуы)** – эмитент банктің карта операциялары бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін сұратуы.

1.35. **Wechat QR –** Қытай Халық Республикасы азаматтары WeChat Pay арқылы қарым-қатынас жасау және төлемдер жүргізу үшін пайдаланатын мобильді қосымша.

2-бап. Шарттың мәні

2.1. Осы Шарт арқылы Mastercard Worldwide, VISA International, UnionPay International, American Express, Diners Club International, Discover, JCB, HUMO төлем жүйелерінің Карталарына Тараптардың бірлескен қызмет көрсетуін жүзеге асыру және осындай қызмет көрсетуге байланысты өзара есеп айырысуларды жүргізудің талаптары және тәртібі белгіленеді.

2.2. Картаны пайдалану және оған қызмет көрсету тәртібі Төлем картасын шығару және оған қызмет көрсету туралы қосылу шартымен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Mastercard Worldwide, VISA International, UnionPay International, American Express, Diners Club International, Discover, JCB және HUMO жүйелерінің қағидаларымен, Нұсқаулықтарды қоса Банктің құжаттарымен, осы Шартпен, оған қосымшалармен реттеледі.

2.3. Карта ұстаушылар Кәсіпорында орнатылған Жабдық арқылы Карталар бойынша операцияны жүргізген кезде Банк Шарт талаптарына сәйкес комиссиялық сыйақы ұстайды.

2.4. Карта операциялары Банк ұсынған Жабдықты (оның ішінде төлем қосымшасын немесе QRкодты, Face Pay немесе Карта ұстаушының биометриялық деректерін оқудың өзге тәсілдерін) не Банктің ұсынымдарына сәйкес Кәсіпорын сатып алған жабдықты пайдалана отырып жүргізіледі.

2.5. Тараптар, Шарттың талаптарына, сондай-ақ тиісті Нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес, Шарт бойынша Кәсіпорынның POS-терминалдың техникалық мүмкіндігі болған жағдайда Кәсіпорын жанасусыз төлем карталарын қабылдайтынына және қызмет көрсететіндігіне келісті.

2.6. Тараптар Шарт бойынша Кәсіпорын Банк белгілеген талаптарға сәйкес келген жағдайда Wechat QR қосу құқығына ие екендігі туралы келісімге келді. Wechat QR беру туралы

шешімді Банк дербес түрде ішкі бағалау негізінде және қолданыстағы ережелер мен шарттарға сәйкес қабылдайды.

2.7. Банк тарифтері (комиссиялық сыйақы мөлшері) Банктің www.halykbank.kz электронды мекенжайындағы веб-сайтында орналастырылады және/немесе Банк бекіткен нысан бойынша Банктің тиісті хабарламасында көрсетілуі мүмкін.

2.8. Егер Кәсіпорын Halyk QR, Wechat QR және ЛТЖ арқылы төлем қабылдау үшін өзінің тиісті өтінімінде/өтінішінде көрсетілмеген Карталарды төлеуге қабылдауға ниет білдірсе және онымен Банк келіскен жағдайда Банк Кәсіпорынға белгіленген нысан бойынша хабарлама жібереді, онда Карталардың тиісті түрлері көрсетіледі. Карталардың тиісті түрлерін/HalykQR/ Wechat QR және ЛТЖ пайдалана отырып, карта операциялары бойынша Банктің комиссиялық сыйақысының мөлшері Банктің www.halykbank.kz электронды мекенжайындағы веб-сайтында орналастырылады және/немесе Банк хабарламасында көрсетіледі. Осындай карта операциялары бойынша Кәсіпорынға ақша аудару мерзімі Банк хабарламасында көрсетіледі. Банк хабарламасында көрсетілген осындай Карталарды, Halyk QR және ЛТЖ пайдалана отырып жүргізілген карта операциялары бойынша ақшаны есепке алу Кәсіпорынның тиісті өтінімінде/өтінішінде көрсетілген банктік шотына жүзеге асырылады.

2.9. Банк стандартты тарифтерді, соның ішінде жаңа өнімдерге арналған тарифтерді біржақты тәртіппен белгілеуге және оларға өзгерістер енгізуге құқылы. Осылай белгіленген тарифтер күшіне енген сәттен бастап Кәсіпорынға қатысты қолданылады және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы тармақтың күші Кәсіпорынның Halyk QR, Wechat QR мен ЛТЖ арқылы төлемдер қабылдау тиісті өтінімде/өтініште/Банк хабарламасында көзделген жағдайда Тараптардың қатынастарына қолданылмайды.

3-бап. Карта операцияларын ресімдеу және Тараптардың өзара есеп айырысу тәртібі

3.1. Тараптар арасындағы өзара есеп айырысу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және Ресей рублімен (тек белгілі бір өңірде – Байқоңыр қ.) жүргізіледі. Бұл ретте, Карта ұстаушының Кәсіпорыннан тауарды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы валюталық операция болып табылатын болса, онда ол Қазақстан Республикасның валюталық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

3.2. Кәсіпорында Жабдықтың көмегімен Карта ұстаушыға қызмет көрсету операциясы бойынша электронды нысанда келіп түскен деректердің негізінде Банк Кәсіпорынның банктік шотына ақша аударымын жүзеге асырады.

Карталарды пайдалана отырып, жүргізілген карта операциялары бойынша ақша аударымын Банк тиісті өтінімге/өтінішке/Банк хабарламасына сәйкес жүзеге асырады.

3.3. Картаны пайдалану арқылы Кәсіпорыннан сатып алынған тауарды қайтарған (немесе Картаны пайдаланумен алдын ала төленген қызметтен бас тарту) жағдайда, Кәсіпорын Нұсқаулыққа сәйкес Жабдықты қолдана отырып «сатып алуды қайтару/күшін жою» операциясын орындайды. Техникалық себептерге байланысты бұл операцияны орындау мүмкін болмаған жағдайда, Кәсіпорын қате табылған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Банкке операцияны қайтаруды жүзеге асыру өтінішімен хат жолдайды. Бұл ретте Кәсіпорын қайтару сомасын өтеуді қамтамасыз етуге міндетті. Кәсіпорынның хаты бойынша қайтаруды Банк тек қана карта операциясының түпнұсқалық деректемелері бойынша жүзеге асырады.

3.4. Карта операциясы жүргізілген сәттен бастап 10 (он) банктік күн ішінде Банк Кәсіпорыннан карта операциясы және ол бойынша өзара есеп айырысулар бойынша кінәрәт-талап алмауы, Кәсіпорын аталған карта операциясы бойынша төлем сомасын алғандығын растағаны болып есептеледі.

4-бап. Банктің міндеттері:

4.1. Кәсіпорынның қызметкерлерін карта операцияларын жүргізу және ресімдеу тәртібі бойынша ағымдағы немесе кезектен тыс оқытудан өткізуді және нұсқау беруді, оның ішінде жұмыс орнында (Кәсіпорынның сұратуы бойынша) жүзеге асыру.

4.2. Кәсіпорынды қажетті жарнамалық-ақпараттық материалдармен және Нұсқаулықтармен қамтамасыз ету.

4.3. Шарт талаптарына сәйкес Кәсіпорын өткізген тауарлар/қызметтердің төлеміне Кәсіпорынның банктік шотына ақша аудару.

4.4. Өзі тікелей бақылау жасайтын операцияларды Авторизациялауға арналған жүйелердің және бөлімшелердің тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету және Банкке қатысы жоқ себептер бойынша олар тоқтап қалған жағдайда, қызмет көрсетуді қайта қалпына келтіру үшін барлық шараларды қабылдау.

4.5. Жабдықты Кәсіпорынға Банк берген жағдайда:

- Кәсіпорынға жарамды жағдайдағы Жабдықты және PIN-PAD (қажет болған кезде) беру;
- пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бере отырып, Кәсіпорынның жұмыс орнына Жабдықты орнату және қосуды жүзеге асыру, сервистік қызмет көрсетуді жүргізу;
- Жабдық Кәсіпорынның кінәсінен тыс істен шыққан жағдайда, Кәсіпорыннан қосымша ақы алмай жөндеу жұмыстарын жүргізу;
- Кәсіпорынның Жабдықты баптауға, істен шыққан кезде жөндеуге (ауыстыруға), Жабдықтың қосымша бірліктерін беру жөніндегі сұратуын қарастыру.

4.6. Кәсіпорын Жабдықты Банк ұсынған нұсқаулықтарға сәйкес сатып алған жағдайда Кәсіпорынның жұмыс орнында Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бере отырып Жадбықты орнату және қосу.

4.7. Жабдық істен шыққан жағдайда оны жөндеуді жүзеге асыру.

4.8. Егер Банк Келісімге немесе сауда эквайрингі бойынша тарифтерге өзгерістер не толықтырулар енгізсе (соның ішінде, мынадай жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей: (a) Келісімге кейіннен өзгерістер не толықтырулар енгізу барысында Банк жаңа қызметтерді ұсынса және Кәсіпорын олар үшін тарифтерге (жаңа тарифтерге) сәйкес ақы төлеуге міндетті болса, не (b) аталған тарифтерге кейіннен өзгерістер енгізілсе), онда Банк мұндай өзгерістер не толықтырулар туралы Кәсіпорынға осы тармақта белгіленген тәртіпке сәйкес хабарлайды; бұл ретте, осы құжатта енгізудің және Тараптар арасындағы өзара іс-қимылдың бөлек тәртібі көзделген өзгерістер бұған қосылмайды. Хабарландыру Банктің басқару органы қабылдаған, өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы шешім күшіне енетін күнге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Банктің www.halykbank.kz веб-сайтында ақпаратты орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Банк Кәсіпорынмен келісе отырып, Банк ұсынған POS-терминал арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдауға қатысты өтінімде көрсетілген тарифтік мөлшерлемелерді төмендеткен жағдайда (бұл Банк тарапынан расталуы тиіс), Банк Кәсіпорынға Банк белгілеген нысан бойынша қайта қаралған тарифтік мөлшерлемелер туралы хабарлама жібереді. Хабарламада оның күшіне ену күні көрсетіледі.

Шарт жасасу кезінде белгіленген, Карталарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын операциялар бойынша күнделікті лимит мөлшері мен қаражат аудару мерзімдеріне, егер Банк өзге тәртіпті белгілемесе, осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес және/немесе Кәсіпорынмен келісім бойынша Банк тарапынан өзгерістер енгізілуі мүмкін. Карталарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын операциялар бойынша күнделікті лимит мөлшері немесе қаражат аудару мерзімдері өзгертілген жағдайда (бұл Кәсіпорынмен келісім негізінде не Банк белгілеген өзге тәртіп арқылы жүзеге асырылғанына қарамастан), Тараптар өз іс-әрекеттерін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес үйлестіреді.

Банк осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес өзгерістер немесе толықтырулар туралы Кәсіпорынға хабарлама жіберген жағдайда, егер Кәсіпорын аталған өзгерістермен немесе толықтырулармен келіспесе, ол бұл туралы Банкке жазбаша түрде, өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енетін күннен кешіктірмей хабарлауы тиіс. Сонымен қатар, Кәсіпорын

өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енгенге дейін Банкке келісімшартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы келісімшартты тоқтатуға құқылы. Немесе, Кәсіпорын өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енетін күннен кешіктірмей, ұсынылған өзгерістерге немесе толықтыруларға келісетінін растайтын жазбаша хабарламаны Банкке ұсына алады. Егер Кәсіпорын Банк белгілеген күшіне ену күніне дейін (немесе сол күнге дейін) өзгерістерге немесе толықтыруларға байланысты Келісімді тоқтату туралы жазбаша хабарлама түрінде қарсылықтарын ұсынбаса, немесе аталған күшіне ену күнінен кейін ұсынса, онда Келісім және қолданыстағы тарифтер Банк белгілеген күннен бастап, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өз күшінде қалады. Егер Кәсіпорын өзгерістер немесе толықтырулар күшіне енетін күнге дейін жазбаша хабарлама арқылы қарсылықтарын білдірсе, онда Банк пен Кәсіпорын бұл мәселені келіссөздер арқылы шешеді.

Кәсіпорын мынаны растайды: егер ол Банк тарапынан Келісімге немесе тарифтер кестесіне енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды (соның ішінде жаңа қызметтерге немесе осындай жаңа қызметтер үшін алынатын төлемдерге қатыстыларын) қабылдаса, не белгіленген мерзім ішінде жауап бермесе, я болмаса жауапты аталған мерзім өткеннен кейін берсе, онда мұндай өзгерістер мен/немесе толықтырулар Тараптардың қандай да бір қосымша келісімдерге қол қоюын қажет етпестен күшіне енеді.

Банк өз комиссияларын (соның ішінде жаңа қызметтерге қатысты комиссияларды) төмендеткен немесе карталық операциялар бойынша қаражатты Кәсіпорынның банк шотына аудару мерзімін қысқартқан жағдайда, Кәсіпорынның келісімі талап етілмейді. Мұндай өзгерістер Тараптардың қандай да бір қосымша келісімдерге қол қоюын қажет етпестен күшіне енеді.

Өз филиалдық желісі бойынша Шарттың орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

5-бап. Банктің құқықтары:

5.1. Кәсіпорын қызметкерлерінің осы Шарттың, оған қосымшалардың және Нұсқаулықтардың талаптарын сақтауын тексеру.

5.2. Кәсіпорын пайдасына жасалатын кез келген төлемнен, осы Шарттың талаптарына сәйкес төмендегі сомаларды:

5.2.1. Банктен төлем жүйелері арқылы шығарылмаған Батч (Batch) бойынша алынған ақша сомасын ұстап қалу, ал ұсталған соманы өтеу үшін мұндай төлемдер жеткіліксіз болса, жетіспейтін сомаға Кәсіпорынға шот ұсыну;

5.2.2. Нұсқаулықтарға сәйкес Жабдықтардағы ауысымды жабу ережелерін Кәсіпорын бұза отырып жасаған карта операциялары сомаларын;

5.2.3. Банк Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан жасалған алаяқтық әрекеттерді анықтаған карта операциялары сомаларын;

5.2.4. Жүйелердің ережелеріне сәйкес Эмитент банк даулаған және/немесе Банктің шотынан алынған карта операцияларының сомаларын;

5.2.5. Жүйелердің ережелеріне сәйкес Банкке қатысты айыппұл санкцияларын қолдану нәтижесінде туындаған санкциялардың, айыппұлдардың және басқа да шығындардың сомаларын;

5.2.6. бұрын Мекеменің банк шотына аударылған, бірақ Жүйелердегі деректерде мошендік әрекет ретінде белгіленген карталық операциялар сомалары;

5.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санкцияланбаған не Кәсіпорын осы Шарттың талаптары мен Нұсқаулықтарды бұза отырып жүргізген карта операцияларының сомаларын;

5.2.8. Кәсіпорынның банктік шотына қате аударылған сомаларды;

5.2.9. Кәсіпорын осы Шарттың 6.12-тармағында белгіленген мерзімдерде чектердің көшірмелерін және карта операцияларына байланысты өзге де ақпаратты ұсынбаған Кәсіпорынның банктік шотына бұрын аударылған карта операцияларының сомаларын;

5.2.10. тауар/қызмет Карта ұстаушының тапсырмасы бойынша Карта ұстаушыға немесе тауарды/қызметті алушы болып табылатын тұлғаға берілмеген / көрсетілмеген болса;

5.2.11. егер карта операцияларын жүргізу кезінде төмендегі бұзушылықтарға жол берілгені анықталса:

1) карта операциясы осы Шарттың талаптарын, Банк Шарт бойынша Кәсіпорынға берген Жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды және басқа да нұсқаулық материалдарды бұза отырып жасалған;

2) чектегі Карта ұстаушының қолы Картадағы қолға сәйкес келмесе;

3) чектегі ақпарат Картаның деректемелеріне сәйкес келмесе;

4) чектердің даналары (Кәсіпорын және Карта ұстаушы үшін) Банк белгілеген нысанға сәйкес келмесе;

5) картаның қолданылу мерзімі операция жасалған күні әлі келмеген болса немесе аяқталған болса;

6) чек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсатсыз болып табылатын Карта операциясы бойынша не Кәсіпорын осы Шарттың талаптарын және Нұсқаулықтарды бұза отырып ресімделсе;

7) чек толық толтырылмаған, түзетулер бар болса немесе карта нөмірін, операция сомасын, авторизация кодын анықтау мүмкін болмаса, Кәсіпорынның банктік шотына бұрын аударылған карта операцияларының сомаларын;

5.2.12. Жүйеде жоғары тәуекел (high risk) санатына жататын Кәсіпорынды тіркеу жөніндегі қызмет үшін АҚШ долларымен, еуромен (төлем күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша) баламалы ақша сомасын ұстап қалу.

5.3. Банк алдында берешек туындаған жағдайда:

5.3.1. Шарттың 5.2-тармағының 5.2.1-5.2.12-тармақшаларында көрсетілген сомаларды Кәсіпорынға кейіннен аударуға жататын сомалардан ұстап қалу мүмкін болмаған кезде Банк Банкте ашылған Кәсіпорынның банктік шоттарынан төлем ордерін пайдалана отырып, оларды тікелей дебеттеу жолымен ақшаны есептен шығаруға, сондай-ақ басқа банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Кәсіпорынның кез келген банктік шоттарына төлем талаптарын қоюға құқылы;

5.3.2. осы Шартқа сәйкес Банк Кәсіпорынның банктік шоттарынан ақшаны алып қоюды (есептен шығаруды) жүзеге асыруға құқылы болған жағдайларда, Шартта белгіленген жағдайларда және тәртіппен Банк өз қалауы бойынша Кәсіпорынның банктік шотына аударуға жататын ақша сомаларынан Кәсіпорынның Банкке төлеуіне жататын сомаларды ұстап қалу жолымен Кәсіпорынға қойылатын өзінің талап ету құқықтарын да іске асыруға құқылы.

Осы Шартқа сәйкес Банк Кәсіпорынның банктік шотына аударуға жататын ақша сомасынан Кәсіпорынның Банкке төлеуіне жататын сомаларды ұстап қалуға құқылы болған жағдайларда, Банк өз қалауы бойынша Кәсіпорынға қойылатын талап құқықтарын Шартта белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның банктік шоттарынан ақшаны алып қоюды (есептен шығаруды) жүзеге асыру жолымен де іске асыруға құқылы.

Шарттың осы тармақшасында көзделген өзінің Кәсіпорынға қойылатын талап құқықтарын іске асыру тәсілдерінің кез келгенін Банк өз қалауы бойынша сайлайды және Банктің осы Шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзінің Кәсіпорынға талап ету құқықтарын іске асырудың басқа тәсілін сайлау құқығын кемітпейді, жоққа шығармайды және алмастырмайды;

5.3.3. Банк осы Шарттың 6.27, 7.7, 7.8-тармақтарында көзделген мән-жайлардың туындау мүмкіндігін айқындаған жағдайда, Кәсіпорынның осы Шарт бойынша Банк алдындағы ықтимал міндеттемелерін жабу үшін қамтамасыз етуді қалыптастыру. Мұндай қамтамасыз етуді Кәсіпорын Банкке тиісті ақшаны аудару жолымен немесе Банктің осы Шартта көзделген құқықтарды іске асыруы жолымен қалыптастыруы мүмкін. Қамтамасыз етуді қалыптастыру қажеттілігін, оның мөлшері мен қалыптастыру тәсілдерін Банк дербес айқындайды және Банктің ресми жазбаша хабарламасымен Кәсіпорынды хабардар етеді.

5.4. Карта операциялары бойынша чектерді, өзге де құжаттар мен ақпаратты сұрату.

5.5. Төлемдер мониторингін жүргізу кезінде күдік туғызатын операциялар бойынша есеп айырысуды жүргізбеу. Туындаған даулы жағдай шешілгенге дейін төлем сомасын туындаған даулы жағдайдың мән-жайлары анықталғанға дейін Банктегі транзиттік шотқа жатқызу.

5.6. Карталар жүйесінде эквайрингтік келісімшарттағы өтемақы сомаларын алаяқтық операцияларды жүргізуге күдік болған және(немесе) өзге де құқыққа қайшы әрекеттер болған жағдайда даулы жағдай шешілгенге дейін немесе Жүйелердің қағидаларында көзделген мерзімге бұғаттау.

5.7. Алаяқтық операцияларды, өзге де құқыққа қайшы әрекеттерді немесе Банктің бонустық клубының ережелері мен саясаттарын жүргізуге күдік туындаған жағдайда Жабдықты бұғаттау.

5.8. Кәсіпорынның алаяқтық операцияларға, өзге де құқыққа қайшы әрекеттерге қатысуын растау, Банктің бонустық клубының ережелері мен саясаттарын бұзу кезінде эквайрингтік қызметтер көрсетуден бас тарту.

5.9. Қайтару операциясы бойынша берешек толық өтелген сәтке дейін Кәсіпорынға тиесілі төлемдер сомасынан қайтару операциясының ақша сомасын ұстап қалу. Бұл ретте, егер Кәсіпорынның келісімшартындағы ақша сомасының қалдығы қайтару операциясының сомасынан аз болған жағдайда, Банк Кәсіпорынның қайтару операциясын жүргізуіне тыйым салуға құқылы.

5.10. Санкцияланбаған/күдікті карта операциялары не осы Шарттың талаптары мен Нұсқаулықтарды бұза отырып Кәсіпорын жүргізген операциялар жүргізілген жағдайларда Банк айқындаған мерзімге карта операцияларын жүргізуді тоқтата тұру/Жабдықты пайдалана отырып, карта операцияларын жүргізуді тоқтата тұру. Жабдықты пайдалана отырып, карта операцияларын жүргізуді уақытша тоқтата тұру мерзімін Банк дербес айқындайды.

5.11. Кәсіпорыннан Кәсіпорынды сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды, сондай-ақ салықтық резиденттік, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап ету.

5.12. Кәсіпорыннан қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылға, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялармен белгіленген талаптардың сақталуына қатысты Банктің ішкі нормативтік құжаттары мен рәсімдерінде көзделген өзге де ақпарат пен құжаттарды ұсынуды талап ету.

5.13. Қолданыстағы заңнамада және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген тиісті тексеру (due diligence) шараларын жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда; немесе іскерлік қарым-қатынастың Кәсіпорын тарапынан қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланылып жатқанына, болмаса халықаралық экономикалық санкцияларды бұзуға бағытталғанына күдік туындаған жағдайда, Кәсіпорынмен іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тарту;

5.14. Банк Жабдықты ұсынған жағдайда және егер осы Жабдық арқылы жүргізілетін карта операциялары бойынша тауар айналымына Банк жүргізетін ай сайынғы мониторинг нәтижелері бойынша күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам кезеңде карта операцияларының сомасы 500 000 (бес жүз мың) теңгеден кем болса, бұл туралы Кәсіпорынды осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, осы Шартты орындаудан бас тарту.

5.15. Үшінші тұлғаға – Сервистік компанияға, оның ішінде мерзімді жүргізілетін мониторинг негізінде және/немесе Кәсіпорын ең аз көлем талаптарына және ай сайынғы карта операцияларының санына сәйкес келмеген жағдайда Кәсіпорынның Жабдығын техникалық қолдау функциясын және құқығын беру.

5.16. Кәсіпорын осы Шарттың талаптарын орындамаған және/немесе Кәсіпорын мен Сервистік компания арасында бекітілетін шарттардың талаптары орындалмаған жағдайда, егер осындай шарттар Кәсіпорын мен Сервистік компания арасында бекітілген болса, қызмет көрсетуді тоқтату, Шарттан бас тарту.

5.17. Кәсіпорынға Жабдықты Банк берген жағдайда:

5.17.1. Жабдықтың бүтіндігін, жарамдылығын және Кәсіпорынның оны пайдалану тәртібін тексеруді жүзеге асыру;

5.17.2. Жабдық Кәсіпорынның кінәсінен істен шыққан жағдайда, бұзылған жағдайда Кәсіпорынға Жабдықтың жөндеу жұмысының құнын және/немесе Жабдықтың құнын өтеу үшін шот ұсыну;

5.17.3. осы Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген сомаларды Банк ұстап қалған жағдайларда, Банктің Кәсіпорынға берген Жабдығын дереу алып қою;

5.17.4. терминал бойынша бір ай ішінде карта операциялары болмаған жағдайда Банк ұсынған, орнатылған HalykPOS қосымшасы бар смартфонды бұғаттау.

5.18. Ескіру мерзімі операция жасалған күннен бастап 6 (алты) айдан (180 күн) асатын болса, қайтару операциясын (қаржылық кінәрат) жүзеге асырудан бас тарту.

5.19. Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе Банктің ішкі құжаттары талап етіп тұрса, Банк осы Шарттың негізінде Кәсіпорынның қандай да бір қосымша келісімінсіз қызмет көрсетуге, операциялар жасауға қажетті құжаттардың тізіміне өзгерістер енгізуге құқылы. Кәсіпорын осы арқылы өз келісімін білдіреді және Банк көрсеткен тізбеге сәйкес оларды ұсынуға міндеттенеді.

5.20. Шарттың 2.6-тармағын іске асыру үшін Кәсіпорыннан қажетті ақпаратты сұрату.

5.21. Кәсіпорыннан осы Шартты тиісті орындауын талап ету.

5.22. Кәсіпорыннан (оның өкілінен) Кәсіпорынды (оның өкілін) сәйкестендіру үшін, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтерді және құжаттарды беруін, сондай-ақ салық резиденттігі туралы, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді, операцияны жүргізуге қатысты құжаттарды беруін талап ету.

5.23. Кәсіпорынға келесі жағдайларда операцияны орындаудан бас тарту немесе операцияны жүзеге асыруды, Кәсіпорынның нұсқауын орындауды тоқтата тұру:

- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға бағытталған ерекше/күдікті операциялар, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар қолданысына жататын не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған операциялар анықталған жағдайда;
- Банкте өзінің қылмыстық жолмен алынған қаражатты заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру не халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзу немесе олардан жалтару мақсаттарында пайдаланылып жатқанына қатысты күдік туындаған жағдайда;
- егер шот бойынша жүргізіліп жатқан дебеттік операциялар қылмыстық жолмен алынған қаражатты заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзу немесе айналып өту мақсатында жүзеге асырылып жатыр деген күдік туындаса, онда осы операциялардың орындалуын тоқтата тұру;
- Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келмейтін нұсқаулар ұсынуы және құжаттар ұсынуы;
- кез келген елдің (мысалы, АҚШ, ЕО, Ұлыбритания және басқалары) немесе халықаралық ұйымдардың (FATF, БҰҰ және басқаларын қоса алғанда, бірақ шектелмей) құзыретіне сәйкес Кәсіпорынға, оның үлестес тұлғаларына, бенефициарлық меншік иелеріне қатысты салынған санкциялар болған, оның ішінде Шарт бойынша талаптар мен іскерлік қатынастар Банкке шектеулер және (немесе) санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;
- егер Кәсіпорын халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзса;
- егер Банк Кәсіпорынның халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзу/айналып өту ниеті туралы білсе;

- Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де негіздер бойынша Клиенттің операциясын жүргізуден бас тарту.

Бас тартылған жағдайда Банк Банктің карта операциясын, операцияны жүргізуден бас тартуына, карта операциясын тоқтата тұруына, Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын орындауы нәтижесінде жасалған операцияға байланысты Кәсіпорынға келтірілген немесе келтірілуі мүмкін шығындары, залалдары үшін жауап бермейді.

5.24. Төменде келтірілген жағдайларда, бірақ шектелмей:

- кез келген елдің (мысалы, АҚШ[*], ЕО[*], Ұлыбритания және басқалары) немесе халықаралық ұйымдардың (FATF[*], БҰҰ[*] және басқаларын қоса алғанда, бірақ шектелмей) құзыретіне сәйкес Кәсіпорынға және (немесе) оның үлестес тұлғаларына қатысты салынған санкциялар болған жағдайда;
- Банкте Кәсіпорынның немесе оның контрагентінің мәмілелерінің (соның ішінде шарттардың) қылмыстық жолмен алынған қаражатты заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланылып жатқанына, және/немесе мұндай мәмілелерге халықаралық экономикалық санкциялар қолданылатынына, болмаса олардың халықаралық экономикалық санкцияларды айналып өтуге бағытталғанына қатысты негізді болжам бар;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Банктің ішкі құжаттары мен рәсімдерінде көзделген;
- Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңнамасымен, ҚКЗ/ТҚҚ туралы заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ішкі құжаттарымен және рәсімдерімен қарастырылған;
- Кәсіпорын жүзеге асырған транзакцияларды және/немесе карта арқылы жасалған операцияларды қарап шызу барысында, іскерлік қарым-қатынастың Кәсіпорын тарапынан қылмыстық жолмен алынған қаражатты заңдастыру (жылыстату) не терроризмді немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланылып жатқаны туралы күдіктің туындауы;
- Карта операцияларын, операцияларды жүргізуден бірнеше рет бас тартқан жағдайда немесе Кәсіпорынның карта операцияларын, операцияларын жүргізуді, оның ішінде Кәсіпорынның банктік шоттары бойынша, Банк тоқтатып қойған кезде;
- карта операцияларын, операцияларды және (немесе) мәмілелерді зерттеу процесінде Кәсіпорын іскерлік қатынастарды халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту мақсатында пайдаланады деген күдік туындағанда;
- Банк Кәсіпорнының MCC кодты (кодтарды) дұрыс, сол сияқты өзінің қызмет түріне, тауарлар/Кәсіпорын көрсететін қызметтер жіктемесіне сәйкес пайдаланбағанын анықтаған жағдайда Шартты орындаудан біржақты бас тарту жолымен Кәсіпорынмен іскерлік қатынастарды тоқтату.[**]

5.25. Банкке берілген дербес деректер бойынша келісімдердің кез келгені кері қайтарып алынған, олардың шынайылығын әлдекімдер даулаған жағдайда, дербес деректер бойынша Банкке берілген келісімдердің кез келгені жарамсыз деп танылған, Банкке берілген дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін Банктің пайдалануы мүмкін болмаған жағдайда (о.і.

---

[*] АҚШ – Америка Құрама Штаттары

[*] ЕО – Еуропалық одақ

[*] FATF – Ақшаны жылыстатумен күрес бойынша қаржылық шараларды әзірлеу тобы

[*] БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

[**] MCC код – сауда орнының қызмет түрінің коды, төрт таңбалы нөмір болып табылады және төлем карталары саласында Кәсіпкер ұсынатын тауарлар/қызметтер түрі бойынша жіктеу үшін қолданылады.

оларды жою, бұғаттау, иесіздендіру және т.б. нәтижелерінде), дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке шаралар қолданылған жағдайда Банк Шарттан бас тартуға құқылы.

5.26. Кәсіпорынның жазбаша өтініші бойынша, егер Кәсіпорын өз өтінішінде ашық байланыс арналары арқылы Банктің үзінді көшірме беруін көрсетсе, Карта ұстаушының ағымдағы шотының нөмірі мен Карта ұстаушының атын көрсетпей, Карталарды пайдалану арқылы жүргізілген карта операциялары бойынша ашық байланыс арналарымен үзінді көшірмелер ұсыну. Кәсіпорын Банктің үзінді көшірмені ашық байланыс арналары арқылы беруіне ұсынған өтінішінде көрсеткен кезде Банк үзінді көшірмені ұсынған кезде берілетін ақпараттың құпиялылық режимін сақтамағаны үшін жауапты болмайды.

5.27. Кәсіпорынның атауын (заңды және сауда), сауда белгісін/логотипін, сондай-ақ Ұстаушылармен байланыс орнату үшін оның байланыс деректерін (телефондар, мекенжайлары, о.і. вебсайттарының мекенжайлары), егер мұндай пайдалану Банктің пікірінше мақсатқа сай болса, өзінің кез келген жарияланымдары мен жарнама материалдарында пайдалану. Осы Шартқа қосыла отырып, Кәсіпорын өзінің уәкілетті тұлғалары арқылы Банкке өзінің кез келген жарияланымдарында және жарнама материалдарында Банк Кәсіпорынның атауын/сауда белгісін/логотипін/байланыс деректерін пайдалануға ресми жазбаша келісім береді.

5.28. Осы Шарт бойынша өз құқықтарын және/немесе міндеттемелерін (толығымен немесе ішінара) Кәсіпорынның осындай құқықтарға және/немесе міндеттемелерге қосымша келісімін алмастан, Банк осындай беруге дейін кемінде 15 жұмыс күні бұрын Кәсіпорынға алдын ала жазбаша хабарлаған жағдайда, үшінші тарапқа беру. Осы арқылы Кәсіпорын осы Шарт бойынша өз құқықтарын және/немесе міндеттемелерін Шарттың осы тармағымен белгіленген тәртіп пен жағдайларда кез келген үшінші тарапқа беру құқығын Банкке сөзсіз береді. Осы Шартқа қосыла отырып, Кәсіпорын өзінің уәкілетті тұлғалары арқылы заңмен қорғалатын банктік құпияның және осы Шартты орындаумен байланысты тараптар бір-біріне беретін ақпараттың ашылуына ресми жазбаша келісімді Банкке, Банк оларға өзінің құқықтарын және/немесе міндеттемелерін Шарттың осы тармағына сәйкес беретін үшінші тұлғаларға, сондай-ақ эквайринг саласындағы мәселелер бойынша Банкпен жасалған коммерциялық өкілдік шарты/эквайринг саласында банктік қызметпен байланысты мәселелер бойынша коммерциялық өкілдік шарты шеңберінде Банктің коммерциялық өкіліне береді.

5.29. Тәуліктік лимиттің мөлшерін ұлғайту/азайту жағына қарай өзгерту, ол туралы Банк Кәсіпорынға тиісті хабарлама жібереді.

5.30. Осы арқылы Кәсіпорын Банкке осы Шартта айқындалған жағдайларда, жоғалған Жабдықтың құнын, тұрақсыздық айыбының, шығыстардың сомасын, сондай-ақ операцияларды жүргізу бойынша нұсқамадан өтпеген Кәсіпорын қызметкерлері жүргізген карта операциялары сомасын, Жүйелердің қаржылық талаптары бойынша Банктен есептен шығарылатын сомаларды, Кәсіпорынның Банкте ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен төлем ордерін пайдалана отырып, осы Шартта айқындалған жағдайларда Кәсіпорынның Шарт бойынша Банк алдындағы берешектерінің сомасын Банктің алып қоюына келісім береді.

5.31. Карталарды пайдалану арқылы жүзеге асырылған карталық операцияларға қатысты қаражат аудару мерзімдерін біржақты тәртіппен өзгерту. Бұл ретте қосымша келісім немесе келісімнің (шарттың) өзге де нысаны ресімделмейді. Банк қаражат аудару мерзімдерінің өзгеруі туралы Кәсіпорынға Шартта көзделген тәртіпке сәйкес хабарлайды.

5.32. Келесі бір немесе бірнеше жағдайда:

- Кәсіпорынның осы Шарт пен Нұсқаулықтың талаптарын бұзуы;
- Кәсіпорынның Банктің беделіне залал тигізуі мүмкін және/немесе заңға қайшы келетін қызмет түрлерін іске асыруы;
- Кәсіпорынның Банкке шынайы емес ақпарат ұсынуы;
- ССО жұмысын тоқтатуы;
- Жүйелерден Кәсіпорын туралы жағымсыз ақпарат алу;
- Кәсіпорынның алаяқтық сипаттағы күмәнді Операцияларды жасауы туралы ақпарат алу;

- Карта ұстаушыларға ұсынылатын тауарлардың, қызметтердің сауалнамада көрсетілген Кәсіпорын қызметінің түріне сәйкес келмеуі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған тауарлар, оның ішінде тыйым салынған тауарлар немесе қызметтер тізіміне жекелеген мемлекеттер және / немесе халықаралық ұйымдар енгізген тауарлар Кәсіпорынның ассортиментінде анықталған жағдайда;
- Кәсіпорын өткізетін тауар халықаралық экономикалық санкцияларды бұза отырып/айналып өтіп пайдаланылатыны (экспортталатыны/импортталатыны) анықталған жағдайда;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға бағытталған ерекше/күдікті операциялар, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялардың күші жүретін не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған операциялар анықталған жағдайда;
- Банкте өзінің қылмыстық жолмен алынған қаражатты заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзу немесе айналып өту мақсаттарында пайдаланылып жатқанына қатысты күдік туындаған жағдайда;
- Банк Кәсіпорынның MCC кодты дұрыс, сол сияқты оның қызмет түріне, тауарлар/Кәсіпорын көрсететін қызметтер жіктемесіне сәйкес пайдаланбағанын анықтаған жағдайда;
- Кәсіпорынның Банкте ашылған банктік шотта төмендетілмейтін қалдықтың ең аз мөлшерін ұстап тұруы туралы Банктің талабын орындамауы;
- жоғарыда аталғандарға ұқсас жағдайда Кәсіпорынды алдын ала хабардар етпестен біржақты тәртіпте авторизациялық серверді ажырату және/немесе Шарттың 8.3-тармағын және басқа талаптарын есепке алып, Кәсіпорынды алдын ала хабарландыра отырып, Шартты орындаудан бас тарту.

5.33. Егер Шарт бойынша Кәсіпорын карта операциялары бойынша талап етпеген ақша сомасы қалса, ол пайда болған сәттен бастап 180 (жүз сексен) күн өткеннен кейін оны кіріске жазу.

5.34. Шартқа, сауда эквайрингі жөніндегі тарифтерге біржақты тәртіппен өзгерістер, толықтырулар енгізуге құқылы. Банк өзгерістер, толықтырулар туралы Шартта көзделген тәртіппен Кәсіпорынды хабардар етеді.

5.35. Кәсіпорынды шығыс материалдарымен, оның ішінде Банк ұсынған Жабдықта пайдаланылатын чек ленталарымен қамтамасыз ету бойынша Кәсіпорынды үшінші тұлғаларға беру немесе жіберу немесе олар үшін бөлек ақы алу.

5.36. Коммерциялық өкілдің делдалдығымен жасалған осы Шарт бойынша Кәсіпорынның Банк алдындағы дебиторлық берешегі туындаған жағдайларда, Кәсіпорынның Шарт бойынша Банк алдындағы дебиторлық берешекті өтеу жөніндегі міндеттемесін орындау көрсетілген коммерциялық өкілге жүктелуі мүмкін. Коммерциялық өкіл осындай міндеттемені орындау үшін Банк дебиторлық берешек сомасын Банктің коммерциялық өкілге төлеуіне жататын сыйақы сомасынан шегеру жолымен өндіріп алуға құқылы. Берешекті өтеу үшін сыйақы сомасы жеткіліксіз болған жағдайда Банк берешектің қалған бөлігін өтеу туралы жазбаша талаппен коммерциялық өкілге өтініш білдіруге құқылы. Коммерциялық өкілдің мұндай міндетіне Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 276-бабының 1 және 2-тармақтары қолданылады.

5.37. Егер мұндай операция жиынтығында мынадай өлшемшарттарды қамтыған немесе көрсетілген өлшемшарттардың бірі болған жағдайда Банк операцияны күмәнді деп тануға құқылы:

- Карта ұстаушы карта операциясын жасамас бұрын Банктен ең көп бонус алуға болатын сома мөлшеріне жақын сомаға карт-шотты толықтырса (қолма-қол ақшаны карт-шотқа аудару және/немесе салу жолымен);

- Кәсіпорын клиенттерінің көпшілігі қатарынан 2 (екі) және одан да көп ай ішінде Банктен ең көп бонус алуға болатын соманың мөлшеріне тең сомада операциялар жасаса;

- бұрын Карта ұстаушы Банктен ең көп бонус алмаған болса;

- есептелген бонустарды пайдалану күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жүргізіледі.

5.38. техникалық іркіліс және/немесе қате есептелген бонустар жағдайында және/немесе Банк клиенттің операциясын күмәнді деп таныған жағдайда бонустық шоттан бұрын есептелген бонустарды есептен шығару, бұған Карта ұстаушы өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

6-бап. Кәсіпорынның міндеттері мен құқықтары:

6.1. Осы Шарттың талаптарын және Банк Кәсіпорынға хабарлаған, Карталар бойынша карта операцияларын жүргізу рәсіміне қатысты Банктің ережелерін қатаң сақтау.

6.2. Осы Шартта, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлерін оқыту кезінде Банк ұсынатын материалдарда қамтылған талаптарды орындау.

6.3. Карта ұстаушы ұсынған Mastercard Worldwide, VISA International, UnionPay International, American Express, Diners Club International, Discover, JCB, HUMO төлем жүйелерінің қолданыстағы Картасымен төлеуге қабылдаудан негізсіз бас тарту жағдайларына жол бермеу.

6.4. Карталарды төлемге қабылдайтын кезде Кәсіпорында тауарларға/қызметтерге ақы төлеудің өзге тәсілдері үшін белгіленгендерден өзгеше қандай да бір шектеулерді, шарттарды немесе талаптарды белгілемеу (мысалы, Банктің комиссиялық сыйақысының өтемақысын төлеу мақсатында тауарлардың/қызметтердің құнын көтеріп жіберу, ССО-ның қолданыстағы жеңілдіктерін ұсынудан бас тарту және т.с.с.).

6.5. Тек қана нұсқау алған Кәсіпорынның қызметкерлеріне карта операцияларын жүргізуге рұқсат ету.

6.6. Карталар бойынша қорғаудың ультракүлгін дәрежесін тексеру.

6.7. Кәсіпорын өткен тәуліктер үшін Кәсіпорынның ССО-да Жабдықты пайдалана отырып карта операциялары жүргізілмеген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын күн сайын Жабдықта Нұсқаулықтарға сәйкес Батчты (Batch) бақылауға және түсірілуін (ауысымды жабу) жүзеге асыруға міндеттенеді.

6.8. Банк берген шығыс материалдарын және жарнамалық-ақпараттық материалдарды үшінші тұлғалардың пайдалануына бермеу.

6.9. Тарифтер Банктің веб-сайтында www.halykbank.kz электрондық мекенжай бойынша көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз өтініште, хабарламада көрсетілген сыйақы мөлшерін, сондай-ақ Карта ұстаушылар жүргізген операциялар бойынша ақпаратты жария етпеу.

6.10. Күн сайын операцияларды есепке алуды жүзеге асыру. Банк есептеген және операциялар бойынша Кәсіпорынға тиісті сомалар арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда, Кәсіпорын операция жүргізілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде осындай алшақтық туралы Банкке хабарлауы тиіс.

6.11. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Банк төлеуге шотты ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шотты төлеу.

6.12. Чектердің нұсқаларын және көшірмелерін, сондай-ақ Карталарды пайдаланумен жасалған операцияларға байланысты ақпаратты күнтізбелік 210 (екі жүз он) күн бойы құпия түрінде сақтау және жазбаша сұрату немесе электронды пошта арқылы сұрату келіп түскен күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде Банкке оларды беру.

6.13. Тауарларды және/немесе қызметтерді өткізу орындарында Кәсіпорын қызмет көрсетуге Карталарды қабылдайтын төлем жүйелерінің логотипі бар жапсырмаларды орналастыру бойынша Банктің барлық ұсыныстарын қатаң ұстану.

6.14. Барлық диспуттық құралдарды/retrieval request, chargeback, pre-arbitration, pre-compliance, arbitration, compliance және басқа сияқты Жүйеде қабылданған диспуттық процесс кезеңдерін; факсимильді хабарламаларды, Жүйе және оның қатысушылары Банктің атына жолдаған электрондық хаттарды құжат ретінде тану.

6.15. Жаңа қызметкерлерге өз бетінше оқыту жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, Карта ұстаушыларға қызмет көрсететін жаңа қызметкерлерді оқыту қажеттілігі туралы Банкке дереу хабарлау.

6.16. Банктен жазбаша сұрату немесе электронды пошта арқылы сұрату келіп түскен күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде карта операциясы бойынша растайтын құжаттарды ұсыну.

6.17. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған міндеттерді Банк орындауы үшін қажетті құжаттарды және ақпаратты, оның ішінде бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты Банкке беру.

6.18. Кәсіпорынға Жабдықты Банк берген жағдайда:

- Кәсіпорынның жабдықты іске қосуы оның қабылданғанын және пайдалануға енгізілгенін растайды;
- Қабылдау актісі: Егер Жабдық іске қосылған сәттен бастап 24 сағат ішінде Кәсіпорын тарапынан жазбаша қарсылық келіп түспесе, Жабдық Кәсіпорын тарапынан мақұлданған және қабылданған болып есептеледі.

Кәсіпорын Onlinebank жүйесі арқылы Жабдықты алуға сұрау жіберген жағдайда, Банк тиісті нұсқаулықты қалыптастырып, оны Кәсіпорынның Onlinebank жүйесіндегі жеке кабинетіне және/немесе Келісімде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жібереді. Бұл нұсқаулықта мынадай ақпарат қамтылады: шот нөмірі мен атауы, коды, түгендеу нөмірі, сериялық нөмірі, сәйкестендіру нөмірі, Кәсіпорынның қызмет көрсету орнының мекенжайы (немесе Жабдық орнатылатын мекенжай) және Жабдықтың жай-күйі;

- Жабдықтың сақталуын және бүтіндігін қамтамасыз ету;
- Жабдықтың механикалық және басқа да зақымдануына жол бермеу. Өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды жұмылдыру арқылы Жабдықты жөндеуді (баптауды) жүзеге асырмау;
- осы Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бұзылған жағдайда Жабдықты жарамды жағдайда Банкке тапсыру;
- осы Шарттың 5.17-тармағының 5.17.2-тармақшасының талаптарына сәйкес Банк төлемге ұсынған шотты 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлеу;
- Жабдықты пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес оны мақсатқа сай пайдалану;
- Жабдықты үшінші тұлғаларға бермеу және Жабдықты пайдалану бойынша нұсқамадан/оқытудан өтпеген қызметкерлерге Жабдықпен жұмыс істеуге жол бермеу;
- Жабдық жұмсайтын электр қуатының құнын өз есебінен төлеу. Банк Кәсіпорынға мұндай шығыстардың орнын толтырмайды.
- Жабдық және PIN-PAD (бар болған жағдайда) жоғалған кезде Кәсіпорын Банк тиісті шот ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кәсіпорын Жабдықты қабылдаған қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген Жабдықтың бастапқы құнын өтеуге міндеттенеді. Қабылдау-өткізу актісі осы Шарттың 1-қосымшасында келтірілген нысанмен жасалады;
- Банк ұсынған Жабдық бойынша бір айдан артық карта операциялары жүргізілмеген жағдайда оның құнын өтеу бойынша абоненттік төлемді төлеу.

6.19. Егер Кәсіпорын Жабдықты Банк берген ұсынымдарға сәйкес сатып алған болса: Жабдық бұзылған жағдайда, Кәсіпорын және Жабдық сатушысының шарттық қатынастарымен белгіленген тәртіпте және талап аясында, дереу осы Жабдықтың сатушысымен (Банк ұсынған), сатушының құқықтық мұрагерімен байланысу.

6.20. Банк алдында қайтару операциялары бойынша Кәсіпорынның берешегі пайда болған жағдайда, Кәсіпорын 5 (бес) жұмыс күні ішінде пайда болған берешекті өтеуге міндеттенеді. Берешек өтелмеген жағдайда Банк Шарттың 5.3-тармағын басшылыққа алуға құқылы.

6.21. Тауарды сату/қызмет көрсету салдарынан Кәсіпорынға Карта ұстаушыдан мәлім болған Картаның толық нөмірін, қауіпсіздік кодтарын және өзге де деректемелерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Картаның деректемелерін қандай да бір нысанда/түрде сақтамау.

6.22. Halyk POS-терминалын пайдалану арқылы тауарлар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдайтын кезде Halyk POS-терминалының жұмысы үшін үйлесімді ұялы телефонның болуын қамтамасыз ету (Банктің ұсынымдарына сәйкес).

6.23. Орналасқан орнының, заңды мекенжайының, банктік деректемелерінің, құрылтай құжаттарының және Кәсіпорын Банкке ұсынған өзге мәліметтің барлық өзгерістері туралы Банкті мұндай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ету;

6.24. Байланыстың ашық арналарымен Карталарды пайдалану арқылы жүргізілген карта операциялары бойынша үзінді көшірмелер жіберілген кезде ақпараттың құпиялылығының жоғалуына байланысты Банкке наразылығы болмау және білдірмеу.

6.25. Карта ұстаушы жеке сәйкестендіру нөмірін (PIN-кодты) енгізу қажет болған жағдайда, Карта ұстаушыға жеке сәйкестендіру нөмірін (PIN-кодты) құпия түрде енгізуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

6.26. Егер Банк мұндай мәмілелерді Карталарды пайдалану арқылы төлеуге рұқсат етпеуі туралы Кәсіпорынды хабардар етсе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келетін, даулы, түкке тұрмайтын деп танылатын кез келген мәміле бойынша төлем жасау мақсатында карта операцияларын жүргізбеу.

6.27. Кәсіпорындағы карта операциялары бойынша Жүйелер Банкке тағайындаған санкциялардың кез келген сомасын Банкке осы Шартта белгіленген тәртіпте даусыз және сөзсіз өтеп беру. Банктің карта операциялары бойынша ақшаны Кәсіпорынның банктік шотына есепке жатқызуы мұндай карта операцияларының санкциялануын түпкілікті және даусыз тануды білдірмейді. Мұндай карта операциялары Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Шартқа және Жүйе қағидаларына сәйкес санкцияланбаған деп танылуы мүмкін. Кәсіпорында карта операцияларын санкцияланбаған деп танумен байланысты ықтимал тәуекелдердің барлығын Кәсіпорын көтереді.

6.28. Банкке залал келтіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кәсіпорынды тарату туралы және уәкілетті органдардың Кәсіпорынға қатысты шектеу сипатындағы келесідей шешімдер/іс-әрекеттерді қабылдау:

6.28.1. Кәсіпорынды мәжбүрлеп қайта құру немесе тарату;

6.28.2. уәкілетті органның Кәсіпорынның кез келген банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтатуы;

6.28.3. кез келген уәкілетті органның шешімі бойынша Кәсіпорынның ақшасына және/немесе басқа мүлкіне тыйым салу;

6.28.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге шешімдер немесе әрекеттер сияқты шектеулі сипаттағы шешімдерді/әрекеттерді қабылдағаны туралы Банкті 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар ету.

6.29. PCI DSS стандартының талаптарымен өз бетімен танысу және Кәсіпорынның сәйкес келуін қамтамасыз ету. Бағдарламалардың сипаттамасы Интернет желісінің: https://www.pcisecuritystandards.org/merchants/ сайтында орналастырылған.

6.30. Сұрату алынған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Банкке PCI DSS стандартына Кәсіпорынның сәйкес келуін растайтын құжаттарды беру (соның ішінде сертификатталған аудиторлық тексерулердің жыл сайынғы нәтижелерін, сондай-ақ ХТЖ талаптарына сай PCI DSS стандартына қатысушының сәйкес келуі сауалнамасы).

6.31. Егер Банк пен Кәсіпорын арасында осы Шартты жасауға коммерциялық өкіл ықпал еткен жағдайда, осы арқылы Кәсіпорын Банкке осындай коммерциялық өкілге Банктің коммерциялық өкілмен шарттық қатынастарымен белгіленген тәртіппен Шартқа сәйкес Кәсіпорын жүргізетін карта операцияларының саны туралы ақпаратты ұсыну құқығын береді. Шарттың осы тармағында көзделген талап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Шарттың осы тармағында айқындалған шектерде және шарттарда құпия ақпаратты жария етуге Кәсіпорынның келісімі болып табылады.

6.32. Егер Банк пен Кәсіпорын арасында Банктің бонустық бағдарламасына қатысуға келісім жасалған жағдайда, Банк карта операциясы жүргізілген жағдайда бонустар есебінен Кәсіпорыннан комиссиялық сыйақы алмайды.

6.33. Кәсіпорын:

- өз қызметінде халықаралық экономикалық санкциялардың, халықаралық стандарттар мен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді

қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтауға;

- Қазақстан Республикасының және/немесе тауарды/қызметті алушы елдің заңнамасымен таратуға тыйым салынған/шектелген тауарларды/қызметтерді өткізбеуге;
- халықаралық экономикалық санкциялармен тыйым салынған операцияларды жасамауға;
- халықаралық экономикалық санкциялар салынған клиенттердің/контрагенттердің (олардың еншілес ұйымдарының, топ/конгломерат филиалдарының, өкілдіктерінің) атынан және пайдасына әрекет етпеуге;
- халықаралық экономикалық санкциялардың күшімен шектелген тауарлар мен қызметтермен операциялар және/немесе мәмілелер жасамауға;
- қос мақсаттағы тауарлармен операциялар және/немесе мәмілелер жасамауға;
- кез келген елдің (мысалы, АҚШ, ЕО, Ұлыбритания) және/немесе FATF, БҰҰ және басқаларын қоса алғанда, бірақ шектелмей халықаралық ұйымдардың құзыретіне сәйкес Кәсіпорынға және (немесе) оның үлестес тұлғаларына, бенефициарлық меншік иелеріне қатысты салынған халықаралық экономикалық санкциялар қолданылған жағдайда Банкті дереу хабарландыруға (Кәсіпорынға мәлім болған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде);
- халықаралық экономикалық санкциялар салынған контрагенттердің/клиенттердің/серіктестердің (олардың құрылтайшыларының, бенефициарлық меншік иелерінің, еншілес ұйымдардың, филиалдардың, топ/конгломерат өкілдіктерінің және т. б.) пайдасына тікелей/жанама әрекет етпеуге;
- қаржылық нөмірді тіркеу кезінде бизнестің сауда атауын және логотипін көрсетуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің және/немесе үшінші тұлғалардың іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін сөздерді/сөз тіркестерін пайдаланбауға міндетті.

6.34. Кәсіпорын Банктен осы Шарттың талаптарын тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

7-бап. Қаржылық талап (chargeback), Карта ұстаушыға ақшаны қайтару

7.1. Банк диспуттық құралдарды/retrieval request, chargeback, pre-arbitration, pre-compliance, arbitration, compliance және басқалар сияқты Жүйеде қабылданған диспуттық процесс кезеңдерін алған жағдайда, Банк жазбаша сұратумен немесе электрондық пошта арқылы сұратумен, Шарттың 6.16-тармағында белгіленген мерзімде карта операциялары бойынша растайтын құжаттарды Банкке беру туралы өтінішпен Кәсіпорынға өтініш білдіреді.

7.2. Шарттың 7.1-тармағына сәйкес Кәсіпорында Банкке беру үшін қажетті құжаттар болмаған жағдайда немесе олар Шарттың 6.16-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынылмаса немесе Кәсіпорын Карта ұстаушы алдындағы өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті орындамау фактісімен келіскен жағдайда немесе карта операциясын Жүйе немесе оның қатысушысы алаяқтық деп танығанда және/немесе Жүйе тарапынан Банкке тиісті санкциялар салынған жағдайда, Банк өз қаражаты есебінен Жүйеге карта операциясының сомасын қайтарады және кейіннен осы соманы Кәсіпорынға тиесілі төлемдер сомасынан ұстап қалады. Кәсіпорын осы арқылы, Кәсіпорын пайдасына жасалатын төлемдер шеңберінде Кәсіпорын шотына аударылуға тиіс ақшаның есебінен карта операциясының сомасын Банктің ұстап қалуына өзінің келісімін білдіреді. Мұндай төлемдер болмаған жағдайда, Кәсіпорын Банктен тиісті талапты (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде) алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде карта операциясының сомасына төлемдерді қабылдау жүргізілетін сол банктік шотты толықтыруға міндеттенеді.

Тараптар осы арқылы Қазақстанның басқа эмитент банктерінің карталары бойынша шыққан диспуттық жағдайлар, бір тараптан осы эмитент банктер және екінші тараптан Банк арасындағы келіссөздер жолымен қарастырылатындығымен келіседі. Тараптар арасында хат алмасу/келіссөздер нәтижесінде диспуттық жағдайларды реттеу мүмкін болмаған жағдайда диспуттық жағдайлар, оларды қарау сәтінде қолданыста болған Жүйе қағидаларына сәйкес

дауларды қарау рәсімін пайдалану арқылы, оның ішінде қаржылық талаптарды (chargeback) ұсыну жолымен қарастырылады, Диспуттық жағдайларды қарау қағидасы болмаған жағдайда (мысалы, жергілікті жүйелердің төлем Карталары бойынша) – VISA International жүйесінің қағидасымен қаралады. Шетелдік эмитент банктердің карталарына қатысты диспуттық жағдайлар бойынша оларды қарау сәтінде қолданыстағы Жүйе дауларын қарау қағидасы қолданылады.

7.3. Тауарға немесе қызметтерге төлем жасау үшін Карта ұстаушының ағымдағы шотынан есептен шығарылған ақшаны оған қайтару туралы нұсқауды Банкке дайындаған жағдайда, Кәсіпорын қайтаруды ұстап қалу үшін жеткілікті сомаға сол күннің ішінде операция жүргізу арқылы немесе төлемдер қабылданған банктік шотқа қажетті соманы аудару арқылы сол күннің ішінде қайтару сомасын өтеуді қамтамасыз етуге міндетті. Кәсіпорын осы арқылы, Кәсіпорынға тиесілі төлем сомасынан Кәсіпорынның нұсқауына сәйкес Карта ұстаушыға қайтарылған соманы Банктің ұстап қалуына өзінің келісімін береді.

7.4. Банк Шарттың 7.2-тармағына сәйкес карта операциясының сомасын қайтаруды жүзеге асырған күннен бастап 2 (екі) Банктік күн ішінде немесе Шарттың 7.3-тармағына сәйкес Кәсіпорынның нұсқауы бойынша Карта ұстаушыға Банк ақшаны қайтаруды жүзеге асырған күннен бастап Шарттың 7.2 және 7.3-тармақтарында қарастырылған тәртіпте жүргізілген карта операцияларының сомасын ұстап қала алмаса, егер Кәсіпорынның пайдасына жүзеге асырылған төлемдер сомасы мұндай ұстап қалу үшін жеткіліксіз болса, Банк, Банкте ашылған Кәсіпорынның кез келген банктік шотынан, оларды дебеттеу жолымен төлем ордерін пайдалана отырып, карта операциясының сомасын алып алуды жүзеге асыруға құқылы.

7.5. Карта операциялары бойынша Кәсіпорынның пайдасына Банктің ақша аударымы мұндай карта операцияларының түпкілікті және даусыз санкцияланғандығын білдірмейді. Мұндай карта операциялары Төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы қосылу шартына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және Жүйе қағидаларына сәйкес санкцияланбаған деп танылуы мүмкін. Кәсіпорын осы арқылы карта операциясының алаяқтық деп танылу мүмкіндігімен байланысты барлық тәуекелдерді өзіне қабылдайды және Банктен chargeback алған жағдайда тауарға/қызметтерге төлем жасау үшін Карта ұстаушының ағымдағы шотынан аударылған немесе Кәсіпорынның нұсқауы бойынша Карта ұстаушыға Банк қайтарған ақшаны сөзсіз қайтаруға міндеттенеді.

7.6. Эмитент банкке ағымдағы шотынан карта операциясы жүргізілген Карта ұстаушыдан Шарт шеңберінде төленген тауарларды жеткізу және/немесе қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерін Кәсіпорынның тиісті орындамауы туралы немесе Шарт бойынша тауарлардың/қызметтердің төлеміне Карта ұстаушының ағымдағы шотынан ақшаның заңсыз есептен шығарылғаны туралы жазбаша өтініш келіп түскен жағдайда, эмитент банк chargeback-ке бастамашылық етеді (Банк эмитент Банк болып табылатын жағдайларды және даулау рәсімі Кәсіпорынмен келіссөздер жүргізу және хат алмасу арқылы жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда. Диспуттық жағдайларды реттеу мүмкін емес болған жағдайда, олар Жүйе қағидаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дауларды қарау рәсімін пайдаланумен қарастырылады).

7.7. Санкцияланғаны Банкте күмән тудыратын карта операцияларын Банк анықтаған жағдайда, Банк мұндай карта операциялары бойынша Кәсіпорынның пайдасына ақша аударымдарын тоқтатуға құқылы. Ақша аударымын тоқтату карта операцияларының санкцияланғанына тексеру жүргізу мерзімінде, бірақ карта операциясы жасалған сәттен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннен асырмай жүзеге асырылады. Банк карта операцияларының санкцияланғандығын тексеру мерзімі аяқталғанша Жүйелерден және/немесе эмитент банктен осындай карта операцияларының санкцияланбағаны туралы растаманы алған болса, Банк санкцияланбаған карта операциялары бойынша ақшаны Кәсіпорынның ағымдағы шотына аудармауға және Жүйелерге немесе эмитент банкке ақша қайтаруға құқылы.

Банк карта операцияларының санкцияланғандығын тексеру мерзімі аяқталған соң Жүйелерден және/немесе эмитент банктен осындай карта операцияларының санкцияланбағаны туралы растаманы алмаған болса және/немесе Жүйе және/немесе эмитент банк мұндай карта

операцияларының санкцияланғандығын мойындаған болса, Банк Кәсіпорынның банктік шотына ақша аударуға міндеттенеді;

7.8. Жүйе Банкке санкция салмас бұрын Жүйе карта операциясын санкцияланбаған деп тапқан жағдайда, Банк осы Шарттың 7.4-тармағында қарастырылған Кәсіпорынның міндеттерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында, Кәсіпорынның Банкте ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен санкцияланбаған карта операцияларының сомаларын алып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Банк Кәсіпорынның шотынан есептен шығарған карта операцияларының сомасы Шарттың осы тармағына сәйкес, карта операциялары бойынша санкцияларды белгілеу үшін Жүйелердіңталаптарында қарастырылған мерзімдер ішінде Банк шоттарында есептеледі.

Карта операциялары бойынша санкцияларды белгілеуге арналған Жүйе талаптарында қарастырылған мерзімдер аяқталмас бұрын мұндай санкциялар тағайындалса, Банк Шарттың осы

тармағына сәйкес Кәсіпорынның банктік шоттарынан ұсталған қаражаттың есебінен санкцияланбаған карта операцияларының сомасын Жүйеге қайтарады және Шартқа сәйкес өзге де өз құқықтарын және міндеттерін іске асырады.

Карта операциялары бойынша санкцияларды белгілеуге арналған Жүйе талаптарында қарастырылған мерзімдер аяқталғаннан кейін мұндай санкциялар Банкке белгіленбесе немесе эмитент/Жүйе Шарттың осы тармағына сәйкес Банк ұстаған сомалар бойынша карта операцияларының санкцияланғандығын мойындаса, Банк Кәсіпорынның тиісті банктік шотына ұсталған ақшаны қайтаруға міндеттенеді.

7.9. Тараптар осы арқылы тауарға және/немесе қызметтерге төлем жасаумен байланысты туындаған диспуттық жағдайлар бойынша Кәсіпорынның кінәсі бойынша Банк шеккен барлық шығындар, оның ішінде айыппұлдар мен комиссияларды Кәсіпорынға жүктелетіні туралы келісті. Даулы операция бойынша Банктің комиссиялық сыйақысының сомасы Кәсіпорынға қайтарылмайды.

7.10. Кәсіпорын телефон/факс/пошта байланысы арқылы алынған Карта деректемелерін пайдаланумен жүзеге асырылған төлемдер үшін жауапкершілік пен тәуекелді көтереді және даулы операциялар бойынша ақшаны Банкке қайтаруға сөзсіз міндеттенеді*.

7.11. Банк осы Шартта белгіленген тәртіпте соманы ұстап қалуды/алып алуды (есептен шығаруды) іске асыратын кезде Кәсіпорынның банктік шоттарынан ұсталған/алынған (есептен шығарылған) соманың валютасы Банк қайтарған ақшаның валютасына сәйкес келмеген жағдайда, Банк Кәсіпорынның банктік шоттарынан ұсталатын/есептен шығарылатын ақша сомасын Карта ұстаушыға қайтарылған ақша сомасына Банк белгілеген операция жүргізілген күнгі қолданыстағы көрсетілген валюталардың кез келгенін сату/сатып алу/есептік (Банктің таңдауы бойынша) бағамы бойынша айырбастауды іске асырады.

8-бап. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапкершілік көтереді.

8.2. Тараптар осы Шартты орындаумен байланысты бір-біріне беретін ақпарат құпиялы болып табылады және басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жариялануы мүмкін емес. Бұл ақпараттың жариялануына Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді. Шартта Тараптардың ақпарат, құжат алмасуының нақты тәсілдері қарастырылуы мүмкін.

Кәсіпорынның осы Шартты жасасу үшін Банкке тиісті өтінім/өтініш беруі және оны Банктің алуы/қол қоюы Кәсіпорынның Банкке коммерциялық құпияны, банктік құпияны құрайтын мәліметтерді, дербес деректерді (қажет болған жағдайда) үшінші тұлғаға – коммерциялық өкілге ашуға келісімін және Банктің Кәсіпорынға коммерциялық құпияны

* Банк Key Entry опциясын ұсынған жағдайда әрекет етеді.

құрайтын мәліметтерді, дербес деректер (қажет болған жағдайда) үшінші тұлғаға – коммерциялық өкілге төмендегі жағдайда ашуға келісімін беруін білдіреді. Осы Шарт бойынша Кәсіпорынның Банк алдындағы дебиторлық берешегі туындаған кезде, Шарт коммерциялық өкілдің делдалдығымен жасалған кезде Тараптардың әрқайсысы коммерциялық өкілге оның талабы бойынша мынадай:

- Банктің Шарт бойынша дебиторлық берешекті өтеу жөніндегі Кәсіпорынға қойылатын талаптарын, оның ішінде дебиторлық берешекті есептеуді растайтын, негіздейтін,

- Кәсіпорынның Банкке өзінің дебиторлық берешегін өтеуі туралы, Кәсіпорынның Банк алдындағы дебиторлық берешегінің қалдығы туралы құжаттарды, ақпаратты беруге құқылы.

8.3. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

8.3.1. техникалық құралдардың жұмыс істемеуі үшін, Банк тікелей бақылау жасамайтын, бірақ қызмет көрсетуді уақытша тоқтатын бағдарламалық жасақтаманың, энергиямен қамтамасыз ету және мәліметтерді беру жүйелерінің жаңылыстары үшін;

8.3.2. Кәсіпорын мен Карта ұстаушының арасында туындайтын даулар және келіспеушіліктер осы Шарттың мәні болып табылмаған жағдайда, мұндай даулар мен келіспеушіліктер үшін жауапкершілік көтермейді;

8.3.3. төлемдердің кешіккені үшін, егер мұндай кешіктіру Кәсіпорынның банктік деректемелерінің өзгергені туралы Банкті өз уақытында хабарламауы салдарынан туындаған болса;

8.3.4. егер Жабдық Кәсіпорынға Банк тарапынан берілсе, Шарт жасаған кезде ол туралы айтылып өткен немесе Кәсіпорынға алдын ала белгілі болған кемшіліктер үшін немесе Кәсіпорын Жабдықты тексерген кезде немесе Шартты жасаған кезде оның жарамдылығын тексергенде немесе Жабдықты беру кезінде анықтауы керек болған кемшіліктері үшін Банк жауап бермейді;

8.3.5. осы Шартты тиісті түрде орындамағаны/орындамағаны үшін, егер мұндай тиісті түрде орындамау/орындамау Жабдықтың істен шыққаны туралы Кәсіпорынның дер кезінде хабарламауынан/хабарламауынан болса;

8.3.6. Шартта көзделген өзге де жағдайларда;

8.3.7. осы Шарттың 5.23-тармағында айқындалған негіздер бойынша карта операцияларын жүргізу мүмкін болмағаны үшін;

8.3.8. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын орындауы нәтижесінде Клиентке келтірілген кез келген шығындар үшін жауапты болмайды;

8.3.9. Кәсіпорынның MCC кодты дұрыс пайдаланбағаны, сол сияқты өзінің қызмет түріне, тауарлар/Кәсіпорын көрсететін қызметтер жіктемесіне сәйкес келмегені үшін жауапкершілік көтермейді.

8.4. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтереді:

8.4.1. Кәсіпорынға Жабдықты Банк берген жағдайда, Банк Жабдықты табыстау кезінде қасақана немесе өрескел абайсыздығы себепті ескерту жасамаған кездегі кемшіліктер үшін, сонымен бірге Кәсіпорынға нақты залал мөлшерінде зиян келтірілген жағдайда;

8.4.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны, тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді.

8.5. Кәсіпорын мыналар үшін жауапкершілік көтереді:

8.5.1. Кәсіпорынның қызметкерлерінің әрекеттері немесе әрекетсіздігі Банкке материалдық залал (зиян) әкеп соғатын болса, Кәсіпорын жауапкершілік көтереді және Банк жазбаша талап арызда көрсететін сома арқылы Банкке келтірілген залалды (зиян) өтейді. Залал (зиян) сомасы Банк және Кәсіпорын қол қойған келісу актісінде қарастырылуы мүмкін. Банк пен Кәсіпорын әрбір жеке жағдайда Кәсіпорынға тиесілі сомалардан ұстап қалу немесе Банк шығарған шот бойынша төлеу арқылы өтеу тәртібін белгілейді. Банк кінәрәт-талап реттелгенге дейін осы Шарт бойынша есеп айырысуларды тоқтата тұруға құқылы.

Бұл ретте Банк қабылдайтын шаралар Кәсіпорынның Банкте ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы төлем ордерін пайдалана отырып, Шарт бойынша Кәсіпорынның берешек сомаларын алып алу үшін осы Шарттың 5.30-тармағындағы Кәсіпорынның келісімін пайдалануға кедергі келтірмейді;

8.5.2. Нұсқаулықтың орындалмағаны және Фродқа жол берілгені үшін Кәсіпорын Банкке, төлем жүйелері арқылы Банкке ұсынылған эмитенттердің кінәрәт-талабын немесе Кәсіпорында эмитенттердің Карталарымен жасалған операцияларды алаяқтық деп тану себептері бойынша Банкке тікелей ұсынылған кінәрәт-талаптарды қоса алғанда, осы тармақтың 8.5.1-тармақшасында белгіленген тәртіпте залалды (зиянды) өтейді;

8.5.3. осы Шарттың 6.7-тармағының орындалмағаны үшін;

8.5.4. осы Шарттың 6.10-тармағының орындалмағаны үшін;

8.5.5. Кәсіпорынға Жабдықты Банк берген жағдайда, Кәсіпорын Жабдықтың бүтіндігіне, сондай-ақ Жабдыққа келтірілген залал үшін нақты залал мөлшерінде жауапкершілік көтереді.

8.5.6. Кәсіпорын Жабдықтың істен шыққаны туралы (оның ішінде Жабдықтың өшіп қалғаны/ Жабдықтың телекоммуникация құралдарының істен шыққаны туралы), оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің кінәсінен, Банкті уақтылы хабардар етпегені үшін – Жабдықты қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген, Жабдықтың құнынан 2 % мөлшеріндегі айыппұл түрінде;

8.5.7. телефон/факсимильді/пошта байланысы, соның ішінде Key Entry карта операциясы арқылы алынған, Картаның деректемелерін пайдалану арқылы жүзеге асырылған карта операцияларын жүргізгені үшін – осындай карта операцияларының сомасында, сондай-ақ Жүйелер Банкке тағайындайтын (ондайлар болған жағдайда) осындай карта операциялары бойынша санкцияның кез келген сомасы үшін. Мұндай карта операцияларын санкцияланбаған деп танумен байланысты барлық ықтимал тәуекелдерді Кәсіпорын көтереді.

8.5.8. Кәсіпорынның осы Шарттың 6.34-тармағында көзделген міндеттерді орындамауы, тиісінше орындамауы салдарынан болған немесе болуы мүмкін Банк алдындағы шығындар, шығыстар үшін толық жауапкершілік (материалдық және өзге);

8.5.9. егер Жабдықты Банк Кәсіпорынға өтініш негізінде берген жағдайда (Onlinebank арқылы POS-терминалды қосатын Кәсіпорын үшін), Кәсіпорын уәкілетті тұлғалардың өкілеттіктерін не Банкке берілген өтініштерде көрсетілген олардың абоненттік нөмірлерін тоқтату/өзгерту туралы ақпаратты уақтылы ұсынуға жауапты болады.

9-бап. Өзге талаптар

9.1. Осы арқылы Кәсіпорын, Банкке және (немесе) «Халық» қаржы тобының құрамына кіретін ұйымдарға (Банк және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – Ұйымдар)) берілген, оның ішінде алдағы уақытта берілуі тиіс дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, Банктің және (немесе) Ұйымдардың банктік және өзге қызметтер көрсетуі, Банкпен өзге шарттар жасасу және оларды орындау мақсатында, сондай-ақ ҚР заңнамасына және/немесе Банктің және (немесе) Ұйымдардың ішкі құжаттарына сәйкес дербес деректерді жинауға, өңдеуге қажеттілік туындайтын өзге жағдайларда, Кәсіпорын дербес деректердің субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке және (немесе) Ұйымдарға беруге, Банктің және (немесе) Ұйымдардың дербес деректерді өңдеуіне алдын ала келісімін алғанын растайды.

Банк және (немесе) Ұйымдар анықтайтын қажеттілік жағдайында Кәсіпорын Банкке және (немесе) Ұйымдарға өзі жинаған, дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге, үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке және (немесе) Ұйымдарға дербес деректерді беруге, Банктің және (немесе) Ұйымдардың дербес деректерді өңдеуіне келісімдерінің бар екендігінің құжаттық растауын береді, ал келісімдердің бар екендігін құжаттық растау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинайды, содан кейін оларды алғандығын Банкке және (немесе) Ұйымдарға растайды.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке және (немесе) Ұйымдарға беруге, Банктің және (немесе) Ұйымдардың дербес деректерді

өңдеуіне жауапкершілік Кәсіпорынға жүктеледі. ҚР дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке және (немесе) Ұйымдарға қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Кәсіпорын Банктің және (немесе) Ұйымдардың талабы бойынша, Банк және (немесе) Ұйымдар шеккен кез келген шығыстар мен шығындарды өтеуге міндеттенеді.

Осы арқылы Кәсіпорын Банкпен бекітілген Шарт талаптарын, Тараптардың олар бойынша міндеттемелерді орындауын, сондай-ақ банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге құпияны құрайтын, Шартқа, коллекторлық агенттіктерге, Банктің аудиторларына қатысы бар кез келген басқа ақпаратты ашуға өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын жазбаша келісімін береді.

9.2. Осымен Кәсіпорын «Әрі қарай» батырмасын басу арқылы Onlinebank жүйесінде ресімделген Банк эквайрингіне қосылған болып табылған кезде Банк эквайрингіне қосылуға немесе қосымша сауда орнын қосуға арналған электрондық өтінімде көрсетілген деректердің дұрыстығы мен толықтығын растайды.

10-бап. Форс-мажор

10.1. Тараптар осы Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауды, еңсерілмейтін дүлей күш жағдайлары (бұдан әрі – Форс-мажор) туындау салдарынан мұндай міндеттемелерді орындай алмайтын мерзім ішінде тоқтата тұруы мүмкін. Бұл ретте тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

10.2. Осы Шарттың мақсаттары үшін Форс-мажор Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс болатын және Форс-мажор туралы мәлімдеген Тарап осы Шартты орындауға тыйым салатын соғыстарды, тәртіпсіздіктерді, ереуілдерді, өрттерді, жарылыстарды, су тасқынын, кез келген мемлекеттік органның шешімдерін, басқа да еңсерілмейтін күш мән-жайларын, оқиға болған жерге қарамастан дүлей зілзалалар және т. б. қоса алғанда, барлық ықтимал күш-жігерге қарамастан, алдын алуға, еңсеруге немесе шектеуге қабілетсіз кез келген еңсерілмейтін күш мән-жайларын білдіреді. Тараптар Форс-мажор кез келген Тараптың немесе оның өкілдерінің, еншілес ұйымдарының, мердігерлерінің, агенттерінің, қызметкерлерінің немесе лауазымды тұлғаларының ұқыпсыздығынан немесе қасақана әрекеттерінен туындаған мән-жайларды қамтымайтынына келісті.

10.3. Осы Шартқа сәйкес қандай да бір өз міндеттемелерін орындауға осындай Форс-мажор жағдайы әсер еткен Тарап, Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде бұл туралы басқа Тарапқа дереу (Форс-мажор басталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей) жазбаша түрде хабарлауы тиіс немесе басқа Тарапқа қатысты шығындар мен залалды азайту үшін барлық ықтимал әрекеттерді қолдануы және осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін қалпына келтіруі тиіс. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау, Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде кез келген еңсерілмес дүлей күшке сілтеме жасау құқығынан айырады.

10.4. Форс-мажор туралы хабарламада (1) құзыретті ұйым тарапынан расталған Форс-мажор жағдайларына нұсқау, (2) осы Шарттың орындалуына оның әсерінің егжей-тегжейлі сипаттамасы және мұндай жағдайлардың ұзақтығының болжамды кезеңіне нұсқау, (3) бір Тарап басқа Тараптың шығындарын немесе залалын төмендету үшін және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қабілетін қалпына келтіру үшін қабылдаған барлық іс-қимылдары қамтылған болуы тиіс.

10.5. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі Форс-мажор жағдайы, сондай-ақ осы жағдайлар арқылы туындаған салдар орын алған уақытқа шамалас жылжытылады. Форс-мажор жағдайының басталуы себепті Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын болса, Тараптар осыШартты бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда Тараптар жоғарыда аталған жағдайлар бойынша осы Шарттың бұзылу сәтінен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде соңғы есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

11-бап. Ерекше талаптар

11.1. Осы Шартты орындау кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушілктер мүмкіндігінше Тараптар арасында келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

11.2. Келісімге келмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сотына жіберіледі.

11.3. Тараптар дауларды шешкен кезде ақпараттың машиналық жеткізгіштердегі карта операциялары туралы деректерін дәлелдемелер ретінде тануға келісті.

11.4. Жазбаша хабарламалар, егер Шартта жөнелтудің, жеткізудің өзге тәсілі көзделмеген болса, оған қолхатпен берілсе немесе Тараптың мекенжайы бойынша тапсырыс хатпен жіберілсе (пошта түбіртегі болған кезде), екінші Тарап алған болып есептеледі. Тапсырыс хатпен жіберілген жазбаша хабарламаны екінші Тарап жөнелтілгеннен кейін күнтізбелік 4 (төртінші) күні алды деп есептеледі (кері санау пошта ұйымы жөнелту кезінде берген құжаттың күнінен бастап жүргізіледі). Хат-хабарды жөнелтудің, жеткізудің өзге тәсілі пайдаланылған жағдайда, ол жөнелту, жеткізу тәсіліне қарай айқындалады.

11.5. Тараптар осы Шарттың 5.26-тармағын есепке алып, басқа Тараптың жазбаша келісімімен ғана осы Шарт бойынша құқықтарды және міндеттерді беруге рұқсат етілетіндігімен келіседі.

12-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар

12.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу, лауазымдық жағдайын теріс пайдалану ретінде сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық құқық нормаларының және Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру қарсы іс-қимыл туралы халықаралық шарттарының талаптарын бұзатын әрекеттерді және өзге де сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарды – Шарттың Тараптары арасындағы қатынастарда да, үшінші тұлғалармен және мемлекеттік органдармен қатынастарда да тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырмауға міндеттенеді. Тараптар, сондай-ақ бұл талапты өздерінің үлестес (өзара байланысты) тұлғаларына, қызметкерлеріне, уәкілетті өкілдері мен контрагенттеріне жеткізуге міндеттенеді.

12.2. Тарапта Шарттың осы бөлімінде көзделген қандай да бір міндеттемелер бұзылды немесе бұзылуы мүмкін деп пайымдауға негіздер туындаған жағдайда, Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда және Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайы бойынша дереу хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламада Тарап екінші Тарап, оның үлестес (өзара байланысты) тұлғалары, қызметкерлері, уәкілетті өкілдері немесе контрагенттері осы бөлімде белгіленген талаптар бұзылды немесе бұзылуы мүмкін деген болжауды дәйекті растайтын немесе негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

12.3. Шарттың осы бөлімі тармақтарының қандай да бір ережелерінің бұзылғаны туралы хабарлама алған Тарап жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде хабарламаны қарауға және екінші Тарапқа оны қарау қорытындылары туралы хабарлауға міндетті.

12.4. Тараптар құпиялылық қағидаттарын сақтай отырып, Шарттың осы бөлімі тармақтарының ережелерін бұзу фактілері бойынша тиісті тексеруді жүзеге асыруға және ықтимал жанжалды жағдайларды болғызбау жөніндегі тиімді шараларды қолдануға кепілдік береді. Тараптар бұзушылық фактісі туралы жалпы хабардар еткен Тарап үшін де, хабарлаған Тараптың нақты қызметкерлері үшін де теріс салдардың болмайтынына кепілдік береді.

12.5. Бір Тараптың Шарттың осы бөлімінде белгіленген ережелерді бұзу фактісі расталған және/немесе екінші Тараптың Шарттың осы бөлімінде белгіленген тәртіппен бұзушылық туралы

хабарламаны қарау қорытындылары туралы ақпаратты алмаған жағдайда, екінші Тараптың Шарт қолданылуын тоқтатқан күнге дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шарттан бас тарту түрінде осы Шартты бұзуға құқығы бар.

13-бап. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

13.1. Шарт Тараптар тиісті өтінімге/өтінішке қол қойған/Кәсіпорын Банктен Кәсіпорын берген өтінішке растауды алған күннен бастап күшіне енеді және осы Шарттың 13.5-тармағын ескере отырып, Тараптар өзара есеп айырысуды толық аяқтағанға дейін қолданылады.

12.2. Банк осы Шарттың талаптарына сәйкес Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы Кәсіпорынмен іскерлік қатынастарды неғұрлым қысқа мерзімде тоқтата алатын жағдайларды қоспағанда, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа хабарламада көрсетілген Шартты бұзу күніне дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан бас тартуға, ал Кәсіпорын осы Шарттың 4.8-тармағына сәйкес Шарттан бас тартуға құқылы. Екінші Тарап Шартты бұзу туралы хабарлама алған күннен бастап Шарт бойынша Карталарды пайдалана отырып карта операцияларын жүргізу тоқтатылады. Екінші Тарап Шартты бұзу туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Кәсіпорын Банктен бұрын қабылданған Жабдықты Банкке қайтарады. Екінші Тарап Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап және жазбаша хабарламада көрсетілген бұзу күніне дейін Тараптар Шарт бойынша өзара есеп айырысулар мен төлемдерді толық жүргізуге тиіс. Шартты бұзған кезде Кәсіпорын Банктен бұрын қабылданған Жабдықты Шартты бұзған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Банкке қайтарады. Шартты бұзудың жекелеген талаптары, негіздері мен тәртібі Шарттың басқа тармақтарында көзделуі мүмкін.

13.3. Банк Тараптар арасында өзара есеп айырысу үшін қаражат болмаған кезде осы Шартты Кәсіпорынмен біржақты тәртіппен келесі жағдайларда бұзуға құқылы: Кәсіпорынның қызметін тоқтатуы (тарату, банкроттық, жеке кәсіпкер ретінде немесе жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде қызметін тоқтату), сондай-ақ Банк берген Жабдықтың (POS-терминал, соның ішінде GSM-POS-терминал SIM-картасымен бірге немесе Кәсіпорынның смартфонына орнатылған Halyk POS-терминалы немесе Банк берген Halyk POS қосымшасы, QR-код орнатылған смартфон) болмауы.

13.4. Осы Шартты бұзған кезде Картаны қолданумен операциялар бойынша Тараптардың бір-біріне наразылықтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ Жүйе қағидаларына сәйкес қойылады.

13.5. Егер Жабдықты Кәсіпорынға Банк берсе және Кәсіпорын Жабдықты ақаулы немесе жиынтығы толық емес күйде қайтарса, Шарт, Кәсіпорын Банк ұсынған шотқа төлем жасағаннан кейін және өзара есеп айырысу толық аяқталғаннан кейін ғана бұзылады.

13.6. Тараптар арасында өзара есеп айырысу толық аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп саналады, Жүйенің қаржылық талаптар ұсынуына қатысты Тараптардың кінәрат-талаптарды реттеу және шығындарды өтеуге қатысты міндеттемелері сақталады және Шарт бұзылғаннан кейін күнтізбелік 180 (жүз сексен) күн ішінде әрекет етеді.

13.7. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған кезде осы Шарт бойынша барлық құқықтары мен міндеттері оның құқықтық мұрагеріне ауысады.

13.8. Кәсіпорынның Банкке ұсынған деректерінде өзгерістер туындаған жағдайда (оның ішінде Кәсіпорын атауының, ССО-ның, банктік деректемелерінің, Кәсіпорынның және/немесе ССО-ның заңды және нақты мекенжайының, телефон нөмірі, жұмыс режимінің өзгерісі) Кәсіпорында өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Кәсіпорын Банкті жазбаша хабардар етеді. Банктің талабы бойынша Кәсіпорын өзгерістерді растайтын құжаттарды табыс етуге міндетті.

13.9. Шартта реттелмеген Шарттың жекелеген талаптарын Тараптар қосымша келісімдерге қол қою арқылы келісуі мүмкін.

13.10. Шартқа қатысы бар барлық құжаттар Шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасы заңнаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалуы тиіс.

14-бап. Нұсқаулықтар

Осы Шартта айтылған сауда эквайрингіне арналған нұсқаулықтарды Кәсіпорынның орындауы, сақтауы міндетті.

Нұсқаулықтарға, ең алдымен:

- Карта ұстаушыларға қызмет көрсету бойынша нұсқаулық;
- Карталар мен жеке басты куәландыратын құжаттардың түпнұсқалығы, жарамсыздығы және/немесе қолдан жасалғандығы, сондай-ақ карта ұстаушылардың күдікті мінез-құлық белгілері бар нұсқаулық;
- Карталар бойынша операцияларды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулық;
- POS-терминалды пайдалану жөніндегі нұсқаулық жатады.

Банк Кәсіпорынға өзгерістерді немесе өзгертілген Нұсқаулықтарды ұсына отырып немесе өзгерістерді және/немесе өзгертілген Нұсқаулықтарды осы Шартта көрсетілген веб-сайтқа жариялай отырып, біржақты тәртіппен Нұсқаулықтарға өзгерістер енгізеді, ол туралы Кәсіпорынды Банк белгілеген тәсілмен хабарлайды.

15-бап. Шартқа қосымшалар

Шартқа мынадай қосымшалар көзделген:

15.1. [Жабдықты қабылдау-өткізу актісі – 1-қосымша].[3] [Жабдықты қосу-ажырату актісі – 1-қосымша];[4]

15.2. Төлем карталарымен карта операцилары бойынша жауап алуға өтінім – 2-қосымша.

[3] POS-терминалды Банк берген жағдайда

[4] POS-терминалды Кәсіпорын өз сатып алған жағдайда

Сауда
эквайрингіне қосылу шартына
1-қосымша

процесс нөмірі _____

Жабдықты/Қосымша жабдықты (QR дисплей/Пин-падтар/док-станциялар, Face Pay дисплейі бар терминал) қабылдау-өткізу және Төлем карталарын ұстаушыларға қызмет көрсету және авторизациялау рәсімі бойынша оқыту мен нұсқама өткізу туралы актісі

Біз, төменде қол қойғандар, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атынан _____ төмендегі жабдықты беретіні және қосатыны/қабылдайтыны және өшіретіні (қажетін сызу),

сондай-ақ оқыту мен нұсқама өткізетіні туралы,

ал _____, ЖСН/БСН _____, Шарт нөмірі _____

(Кәсіпорынның атауы)

атынан _____ қабылдайтыны және қосуға келісетіні/беретіні және өшіруге келісетіні (қажетін сызу)

(басшының/өкілдің Т.А.Ә.)

сондай-ақ оқытудан және нұсқамадан өткені туралы осы актіні жасадық.

№	НҚ нөмірі	Жабдық атауы	Штрих-код	Түгендеу нөмірі	Бастапқы құны (Банктің Жабдықты сатып алу құны)	Сериялық нөмірі	Сәйкестендіру нөмірі (ID нөмір)	Қызмет көрсету орнының мекенжайы	Кәсіпорынның қызмет көрсету орнының мекенжайы /Жабдықты орнату мекенжайы	Жабдықтың жайкүйі (жарамды/жарамсыз)

1 Visa, Mastercard, UnionPay, Diners Club, JSB, Discover, American Express, HUMO төлем карталарын қабылдау бойынша POS-терминалмен жұмыс істеу жөнінде оқыту өткізілді

2 Банк бағдарламалары бойынша:

- «GO!Bonus» ниеттестік бағдарламасы бойынша
- «Halyk Light» бөліп төлеу бағдарламасы бойынша POS-терминалмен жұмыс істеу жөнінде оқыту өткізілді

Төлем карталарын Ұстаушыларға қызмет көрсету жөніндегі Нұсқаулықтарды бұзған жағдайда Банкке келтірілген зиянның толық көлемінде жауапкершілік көтеруге міндеттенеміз.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Жұмыс телефоны	Қолы

Осы Акті үш данада жасалды

Күні _____20__ж.

Берген _____ /_____/ (Т.А.Ә.) Қабылдаған _____ /_____/ (Т.А.Ә.)

(қолы) (қолы)

Сауда эквайрингіне қосылу шартына
2-қосымша

Төлем карталары бойынша карта операциялары жөнінде есеп алуға өтінім

Заявка на получение отчета по карточным операциям по платежным карточкам

Жалпы ақпарат

Кәсіпорын

Келісімшарт нөмірі

Шартқа қол қою күні 2 0

Есеп алу мерзімділігі

Күн сайын ☐
Апта сайын ☐
Ай сайын ☐

Жеткізу тәсілі

Факспен ☐
Эл. поштамен ☐
Банкте ☐

Кәсіпорынның байланысатын тұлғасы

Т.А.Ә.

Лауазымы

Байланыс деректері

(қала коды /жұмыс телефонының нөмірі)

Банк ашық байланыс арналары арқылы карталардың қысқартылған нөмірлерімен, төлем карталарын пайдалана отырып жүргізілген карта операциялары бойынша үзінді көшірмелер береді.
Банк берілетін ақпараттың құпиялылығы үшін Кәсіпорын алдында жауапты болмайды.

Қолы:

Өтінімді толтыру күні - - 2 0 ___